



Марат Оспанов атындағы БҚМУ КОНФЕРЕНЦИЯ СЕРИЯСЫ

**Көрнекті ғалым-гигиенист, тағам гигиенасы
және балалар мен жасөспірімдер гигиенасы
кафедрасының негізін қалаушы, м.ғ.д.,
профессор Төленді Кәрімұлы Кәрімовтың
80 жылдығын еске алуға арналған
«ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНАНЫ
ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ»
халықаралық қатысумен өтетін ғылыми-практикалық
конференциясы**

Марат Оспанов атындағы БҚМУ КОНФЕРЕНЦИЯ СЕРИЯСЫ

X том 2019



Меншік иесі - «Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҚР Ақпарат және коммуникациялар
министрлігіне 18.04.2019 ж. тіркеліп,
№17669-Ж қуәлігі берілген.

Бас редактор: М.К. Телеуов
Бас редактордың орынбасары:
Г.А. Смағұлова
Жауапты шығарушы редактор:
В.И. Кононец
Техникалық редактор: С.Д. Оразов
Корректорлар: С.Ұ. Тоғызбаева
А.М. Бекниязова
А.С. Қаримсақова

Редакция және баспа мекенжайы:
030019, Ақтөбе қаласы,
Маресьев к., 68,
морфологиялық корпус, 116-каб.
тел./факс: 8/7132/56-23-87.
E-mail: conference@zkgmu.kz

Шыққан күні: 27.11.2019
Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 003181

Редакциялық-баспа орталығында басылып
түптелді

РЕДАКЦИЯЛЫҚ ҰЖЫМ

Т.С. Абилов
С.К. Бермагамбетова
Ж.Ж. Гумарова
Т.А. Джаркенов
Г.С. Дильмагамбетова
С.П. Досмагамбетов
Б.С. Жакиев
Л.М. Жамалиева
Б.К. Жолдин
Г.А. Журабекова
В.И. Котловский
А.А. Мамырбаев
Р.Е. Нургалиева
Б.Т. Тусупкалиев

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

С.К. Ақшолақов (Астана)
Ж.А. Арзықұлов (Алматы)
А.К. Байгенжин (Астана)
В.М. Боев (Орынбор)
В.В. Власов (Мәскеу)
Ж.А. Досқалиев (Астана)
Т.Т. Киспаева (Қараганда)
Р.С. Күзденбаева (Алматы)
Г. Маккиарелли (Италия)
С.А. Нотолла (Италия)
А.Г. Румянцев (Мәскеу)
Қ.Қ. Сабыр (Ақтөбе)
Б.Д. Сексенбаев (Шымкент)
А.Т. Тайжанов (Ақтөбе)
Т.Ш. Шарманов (Алматы)

ЖАРИЯЛАНЫМҒА ЖАУАПТЫЛАР

В.М. Сабырахметова
А.Н. Зиналиева
С.Т. Уразаева

СЕРИЯ КОНФЕРЕНЦИЙ ЗКМУ имени Марата Оспанова

Х том 2019



Учредитель - Некоммерческое акционерное общество «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»

Свидетельство о постановке на учет №17669-Ж от 18.04.2019 г. выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Главный редактор: М.К. Телеуов
Заместитель редактора: Г.А. Смагулова
Ответственный выпускающий редактор: В.И. Кононец
Технический редактор: С.Д. Оразов
Корректоры: С.У. Тогызбаева
А.М. Бекниязова
А.С. Каримсакова

Почтовый адрес редакции и типографии:
030019, г. Актобе,
ул. Маресьева, 68,
морфологический корпус, 116 каб.
тел./факс: 8/7132/56-23-87.
E-mail: conference@zkgmu.kz

Дата выпуска: 27.11.2019
Тираж 500 экз.
Заказ № 003181

Отпечатано в Редакционно-издательском центре

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Т.С. Абилов
С.К. Бермагамбетова
Ж.Ж. Гумарова
Т.А. Джаркенов
Г.С. Дильмагамбетова
С.П. Досмагамбетов
Б.С. Жакиев
Л.М. Жамалиева
Б.К. Жолдин
Г.А. Журабекова
В.И. Котловский
А.А. Мамырбаев
Р.Е. Нургалиева
Б.Т. Тусупкалиев

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

С.К. Акшолоков (Астана)
Ж.А. Арзыкулов (Алматы)
А.К. Байгенжин (Астана)
В.М. Боев (Оренбург)
В.В. Власов (Москва)
Ж.А. Доскалиев (Астана)
Т.Т. Киспаева (Караганда)
Р.С. Кузденбаева (Алматы)
Г. Маккиарелли (Италия)
С.А. Нотолла (Италия)
А.Г. Румянцев (Москва)
К.К. Сабыр (Актобе)
Б.Д. Сексенбаев (Шымкент)
А.Т. Тайжанов (Актобе)
Т.Ш. Шарманов (Алматы)

ОТВЕТСТВЕННЫЕ ЗА ВЫПУСК

В.М. Сабырахметова
А.Н. Зиналиева
С.Т. Уразаева



**КАРИМОВ Төленді Кәрімұлы
(1939-2017)**

Медицина ғылымдарының докторы, профессор,
академик, денсаулық сақтау ісінің үздігі

**КАРИМОВ Туленди Каримович
(1939-2017)**

Доктор медицинских наук, профессор,
академик, отличник здравоохранения

Қысқаша өмірбаяндық ақпарат

1962-69 жж Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында дәрігер мамандығы бойынша оқыды. 1970-73 жж фармакология кафедрасының негізінде Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының күндізгі аспирантурасында оқыды. 1973 жылы диссертация қорғады, 1975 жылы доцент ғылыми атағына ие болды. Ерікті негізде 1970-85 жж. медициналық институттың аспирантура және клиникалық ординатурасын басқарды.

1973-85 жж Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтында фармакология кафедрасында ассистент, доцент қызметтерін атқарды.

1985-88 жылдары докторантурада болды. 1988 жылы КСРО Жоғары аттестаттау комиссиясымен 1988 жылы бекітілген «Гигиена - 14.00.07.» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1989 жылы оған КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясының профессоры атағы берілді.

1989-99 жж Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясының жалпы гигиена және экология кафедрасын басқарды.

1993-1999 жж сонымен бірге, Ақтөбе қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының аймақтық мәселелерді медициналық зерттеу ғылыми орталығын басқарды.

1999 - 2003 жж Ақтөбе облыстық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының директоры болып жұмыс істеді.

2003-2005 жж Сақтаған Байшев атындағы Ақтөбе университетінің ректоры болып жұмыс істеді.

Сонымен қатар 1999-2005 жж. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының жалпы гигиена және экология кафедрасында профессор қызметін жалғастырды. 2005 жылдың қазан айынан бастап жаңадан құрылған балалар мен жасөспірімдер гигиенасы және тағам гигиенасы кафедрасын 2010 жылдың қыркүйегіне дейін басқарды.

2010 - 2017 жж. «Кәсіби аурулармен гигиеналық пәндер» кафедрасының профессоры болды.

Қоғамдық-педагогикалық және ғылыми қызметі

2005-2006 оқу жылының қорытындылары бойынша Марат Оспанов атындағы БҚММА-да «Үздік көшбасшы» номинациясында Дипломмен марапатталды.

1995 жылдан бастап Халықаралық экология және өмір қауіпсіздігі туралы ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик) (РФ, Санкт-Петербург); 1996 жылдан бастап ҚР Медицина ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі.

1995 жылдан бастап 2017 жылға дейін Қазақстан Республикасы Кіші ғылымдар академиясының Батыс Қазақстан филиалының директоры.

1989-93 жылдары халық депутаттары қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды, 1994-2003 жылдары екі рет облыстық мәслихаттың депутаты болды. Ол облыстық мәслихаттың білім, денсаулық, экология және ғылым жөніндегі тұрақты комиссиясын басқарды.

Университетте қоғамдық жұмыстар атқарды: гигиеналық пәндер бойынша проблемалық комиссияның төрағасы, Ғылыми кеңестің мүшесі, профессор-оқытушылар құрамын сертифициттау жөніндегі комитеттің мүшесі.

Марат Оспанов атындағы университеттегі жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі - 46 жыл.

Каримов Т.К. жетекшілігімен 2 PhD докторы, 12 медицина ғылымдарының кандидаты, 7 магистр дайындалды. 156 ғылыми еңбек, оның ішінде 6 монография жарияланған. 3 оқу құралының авторы.

Марапатталған: 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы - 1975, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі-1981, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» - Қазақстан Республикасының БҒМ 2007 ж., ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі - 2009 ж., «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі -2011, «Еңбек ардагері» медалі-2015, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мерейтойлық медаль» - 2016жыл.

УДК 616.915:31(574.13)

МРНТИ 76.29.50, 76.33

А.А. АМАНШИЕВА, С.Т. УРАЗАЕВА, К.Ш. ТУСУПКАЛИЕВА, Г.Б. КУМАР

ДИНАМИКА ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ ПО КОРИ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЗА 2014-2018 ГОДЫ

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Цель исследования: анализ эпидемиологической ситуации по кори в Республике Казахстан и Актыобинской области за 2014-2018 годы.

Методы. Авторами изучены отчетные данные эпидемиологического отдела Департамента контроля качества и безопасности товаров и услуг Актыобинской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан с 2014 по 2018 гг.

В разрезе областей по эпидемиологической ситуации по кори Казахстан можно разделить на 3 уровня заболеваемости. В Казахстане в динамике отмечается повышение уровня заболеваемости коревой инфекцией, и показатель превышает средний многолетний уровень заболеваемости в Республике Казахстан, который составляет 9,1 на 100 тысяч населения с выраженными подъемами в 2015 и 2019 годы. По Актыобинской области эта тенденция сохраняется и объясняется низким охватом вакцинацией против кори. Таким образом, показатель заболеваемости корью в 2014 году составил: 1,00 на 100 тыс. населения (всего 2,37; дети до 14 лет – 2,01; подростки от 15-17 лет – 2,92), в 2015 году (всего – 12,76; дети до 14 лет – 19,62; подростки от 15-17 лет – 2,89), в 2016 и 2017 гг. случаев заболеваний не было; в 2018 году показатель всего – 0,12; в том числе дети до 14 лет – 0,42; среди подростков не зарегистрировано. В 2014-2015 гг. заболеваемость превышала республиканский показатель. Анализ причин отказов от иммунизации в Актыобинской области показал, что по религиозным убеждениям отказываются 73,1% населения, личные мотивы составили 20,1%, недоверие к вакцинам выразили 3,8% отказавшихся от вакцинации. Для профилактики отказов в области проводятся организационные мероприятия.

Ключевые слова: корь, показатель заболеваемости, иммунизация, Актыобинская область, отказы от иммунизации.

Актуальность. Корь — антропонозная острая вирусная инфекционная болезнь с аспирационным механизмом передачи возбудителя, для которой характерна цикличность течения, лихорадка, интоксикация, катарально-респираторный синдром, наличие пятен Филатова-Коплика и пятнисто-папулезная сыпь.

Корь в средние века и в начале XX века была одной из самых распространенных детских инфекционных болезней, которая характеризовалась тяжелым течением и летальностью среди детей до трех лет до 40%. Широкое применение противокоревой вакцины привело к резкому снижению заболеваемости и даже ее ликвидации в ряде стран.

Однако в последние годы наблюдаются случаи заболевания среди вакцинированных. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), в мире регистрируется ежегодно до 30 млн. случаев кори, из которых около 50 тыс. заканчиваются летально.

В 2018 году в мире зарегистрировано почти 350 000 случаев заболевания корью. В первой половине 2019 года в ВОЗ зарегистрировано около 365 000 случаев заболевания корью в 182 странах. Заболеваемость увеличилась почти в три раза, чем за тот же период 2018 года.

В 2018 г. умерло от кори 110 тыс. человек, в 2017 г. – 84 тыс. при 85% охвате, 67% двукратно вакцинированы. В странах европейского региона в 2016 г. зарегистрировано 5273 сл., в 2017 г. – 23 927 сл. (в 4,6 раза

выше). По информации Европейского регионального бюро ВОЗ за период с января по декабрь 2018 г. корью заболело 82 596 человек в 47 из 53 стран региона. В 72 случаях заболевание закончилось летально. В странах Европейского региона только за 4 месяца 2019 года было зарегистрировано свыше 51 тыс. случаев кори. Рост заболеваемости корью наблюдается в Украине (34,2 тыс. сл.), Казахстане (5,3 тыс.), Кыргызстане (1,5 тыс.), Грузии (2,9 тыс.), Македонской Республике (829 сл.), Литве (329 сл.), Боснии и Герцеговине (327 сл.), Болгарии (236 сл.).

В соответствии с последним докладом Европейского центра по контролю и профилактике заболеваний, существует высокий риск дальнейшего широкого распространения кори в Европейском союзе и Европейской экономической зоне (ЕС/ЕЭЗ) в ближайшем будущем в связи с недостаточным охватом вакцинацией.

В 30-ти государствах-членах зарегистрировано 44 074 случаев заболевания в период с 1 января 2016 г. по 31 марта 2019 г. В 2017 году только четыре страны ЕС/ЕЭЗ достигли целевого показателя охвата иммунизацией в 95% в форме двукратной вакцинации против кори. В 2007 году таких стран было 14 [1].

Эпидемиологическая ситуация по коревой инфекции среди населения на всем континенте, в том числе и Казахстане в эпидемический период остается напряженной. В этой связи целью нашего исследования

явился анализ эпидемиологической ситуации по кори в Актюбинской области за 2014-2018 годы.

Методы. Авторами изучены отчетные данные эпидемиологического отдела Департамента контроля качества и безопасности товаров и услуг Актюбинской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства Здравоохранения Республики Казахстан с 2014 по 2018 гг.

Результаты. По данным Министерства здравоохранения Республики Казахстан, с ноября 2018 года по сентябрь 2019 года зарегистрирован рост заболеваемости корью. В целом по республике зарегистрировано 10 539 случаев кори, в том числе среди детей до 14 лет – 7469 случаев (70,9%) [2].

Анализ многолетней динамики заболеваемости показал, что средний многолетний уровень равен 9,1 на 100 тыс. населения. Превышение его почти в 12 раз отмечалось в 2005 году (показатель составил 106,4), в 2015 году превышение в 1,5 раза (13,54) и в 2019 году – почти в 6 раз (53,0) (рисунок 1).

В разрезе областей по эпидемиологической ситуации по кори Казахстан можно разделить на 3 уровня заболеваемости (рисунок 2):

- более 1000 случаев (г. Нур-Султан – 3050 сл., г. Шымкент – 1282 сл., Мангистауская обл. – 1011 сл.)
- от 200 до 1000 случаев (Туркестанская обл. – 845 сл., Атырауская обл. – 761 сл., г. Алма-Ата – 481сл., Жамбылская обл. – 430 сл., Кызылординская обл. – 419., Акмолинская обл. – 307 сл., Карагандинская обл. – 304 сл., СКО – 280 сл);
- до 200 случаев (Павлодарская обл. – 198 сл., Костанайская обл. – 192 сл., Актюбинская обл. – 101 сл., ЗКО – 119 сл., ВКО – 70 сл.).

Заболеваемость преимущественно регистрируется среди не привитых детей, которые составляют 60,3% (6354 случая). Из них не привиты по причине: не достижения прививочного возраста – 3093 (48,6%); медицинских отводов – 1947 (30,6%); отказов – 1314 (20,7%).

Нурмаганбетова Г.Ж. с соавторами [3] провели анализ причин отказов от иммунизации за одно полугодие 2016 и 2017 гг. По Актюбинской области в 2017 году установлен высокий удельный вес зарегистрированных отказов, и составляет 22,3% (2572). В сравнении с аналогичным периодом 2016 года отмечается их рост в Актюбинской области на 44,4% (1479 сл. до 2572 сл.). Основными причинами отказов по Республике являются личные – 45,7% (5279) и религиозные – 41,9% (4842) убеждения, недоверие к вакцинам выразили 7,7% (887), на негативную информацию через средства массовой информации (интернет ресурсы, пресса, ТВ) указали 4,6% (536) отказавшихся от вакцинации.

Анализ причин отказов от иммунизации в Актюбинской области показал, что по религиозным убеждениям отказываются 73,1% населения, личные мотивы составили 20,1%, недоверие к вакцинам



Рисунок 1. Многолетняя динамика заболеваемости корью в Республике Казахстан за 1998-2019 гг.




Рисунок 2. Распределение случаев заболеваний корью на территории Республики Казахстан

Разнообразие генотипов вируса кори дикого типа в Республике Казахстан, 2010-2019гг.

Генотип	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
D4	■	■	■	■	■					
D8				■	■	■	■	■	■	■
B3						■			■	■
H1							■	■	■	

Рисунок 3. Динамика циркуляции вируса кори в Республике Казахстан за период 2010-2019 гг.

выразили 3,8%, на негативную информацию через средства массовой информации (интернет ресурсы, пресса, ТВ) указали 4,6% отказавшихся от вакцинации.

Возбудитель коревой инфекции по своей антигенной структуре имеет десятки генотипов, такие как D4, D8, B3, H1 и другие, в Казахстане отмечается циркуляция типов А, В, С и W-135. На рисунке 3 представлена динамика циркуляции вируса кори в Республике Казахстан за период 2010-2019 годы. Так, в последние годы отмечается циркуляция двух видов: D8 и B3.

Случаи заболеваний корью среди населения

Актюбинской области регистрировались в течение ряда лет, и отмечается снижение их уровня в динамике. Таким образом, показатели заболеваемости корью в 2014 году составили: 1,00 на 100 тыс. населения (всего 2,37; дети до 14 лет – 2,01; подростки от 15-17 лет – 2,92), в 2015 году всего – 12,76; дети до 14 лет – 19,62; подростки от 15-17 лет – 2,89, в 2016 и 2017 гг. случаев заболеваний не было; в 2018 году показатель всего – 0,12; в том числе дети до 14 лет – 0,42; среди подростков не зарегистрировано. В 2014-2015 гг. заболеваемость превышала республиканский показатель (Рисунок 4).

Среди детей и подростков Актюбинской области корь регистрировалась: 19 случаев в 2014 году, 104 случаев в 2015 году, 2016-2017 гг. не было зарегистрировано случаев, 1 случай в 2018 г. (показатели составили соответственно 0,12 и 0,42 на 100 тыс. населения).

В связи с тем, что среди детей заболевших корью более 60% приходилось на не привитых детей до 1 года (плановая вакцинация согласно Национального календаря прививок предусмотрена в 12 мес.), с 1 апреля 2019 года проводится дополнительная вакцинация детей в возрасте 9 месяцев и медицинских работников как группы риска. Благодаря дополнительной вакцинации наметилась тенденция к снижению заболеваемости: в августе заболеваемость корью по республике в сравнении с мартом снизилась в 3,8 раза (с 1918 случаев до 402 случаев). Среди заболевших взрослых более 55% приходилось на возрастную группу 20-29 лет, с 16 сентября начато проведение дополнительной вакцинации данной возрастной группы вакциной против кори.

Заключение. Таким образом, в динамике отмечается повышение уровня заболеваемости коревой инфекцией, и показатель превышает средний многолетний уровень заболеваемости в Республике Казахстан, который составляет 9,1 на 100 тысяч населения с выраженными подъемами в 2015 и 2019 гг. По Актюбинской области эта тенденция сохраняется и объясняется низким охватом вакцинацией против кори. Как известно, в Казахстане профилактика кори заключается в специфической вакцинации коревой вакциной. Дополнительная вакцинация детей в возрасте 9 месяцев, медицинских работников и молодых людей возрастной группы 20-29 лет уже дает свои результаты. Для профилактики отказов в области проводятся организационные мероприятия (формирование консультационной группы, анализ отказов, разработка анкет, опрос населения), информационно-разъяснительная работа среди населения об эффективности иммунизации (работа с населением, СМИ, активность в социальных сетях) и мобилизация медицинских работников (обучение, проведение конференции, семинаров и мастер-классов).



Рисунок 4. Динамика показателей заболеваемости корью среди населения Актюбинской области и Республики Казахстан за 2014-2018 гг.




Рисунок 5. Динамика заболеваемости корью среди детей и подростков Актюбинской области за 2014-2018 гг.

Список литературы:

1. European Centre for Disease Prevention and Control. Risk assessment: Who is at risk for measles in the EU/EEA. Identifying susceptible groups to close immunity gaps towards measles elimination 28 May 2019.
2. Эпидемиологическая ситуация по инфекционным и паразитарным заболеваниям в Республике Казахстан. Из доклада Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан Бекшина Ж.М., г. Нур – Султан, 12-13 сентября 2019 г. I Казахстанский конгресс «Инфекционные болезни в условиях глобализации: вызовы и решения».
3. Нурмаганбетова ГЖ, Аманшиева АА, Турегалиева ЖТ, Мирманов МУ, Калиева АА. Проблема отказов населения от профилактических прививок.

ТҮЙІН

А.А. АМАНШИЕВА, С.Т. УРАЗАЕВА,
К.Ш. ТУСУПКАЛИЕВА, Г.Б. КУМАР

2014-2018 ЖЫЛДАРЫ АҚТӨБЕ
ОБЛЫСЫНДА ҚЫЗЫЛША БОЙЫНША
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ
ДИНАМИКАСЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Зерттеу мақсаты: 2014-2018 жылдары Қазақстан Республикасы мен Ақтөбе облысындағы қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдайды талдау.

Материалдар мен әдістер. Біз Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің Ақтөбе облысы тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің эпидемиологиялық бөлімінің 2014-2018 жж. қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдайды облыстар арасында Қазақстанды аурушандықтың 3 деңгейіне бөлуге болады. Қазақстанда қызылша инфекциясымен сырқаттанушылық деңгейінің өсуі байқалады және көрсеткіш Қазақстан Республикасында сырқаттанушылықтың көп жылдық орташа деңгейінен асып түседі, ол 2015 және 2019 жылдары айқын көрінген көтерілумен 100 мың тұрғынға шаққанда 9,1-ді құрайды. Ақтөбе облысы бойынша бұл үрдіс сақталуда және қызылшаға қарсы вакцинамен қамтудың төмендігімен түсіндіріледі. 2014 жылы қызылшамен сырқаттанушылық көрсеткіші: 100 мың тұрғынға шаққанда 1,00 (барлығы – 2,37; 14 жасқа дейінгі балалар – 2,01; 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер – 2,92), 2015 жылы (барлығы – 12,76; 14 жасқа дейінгі балалар – 19,62; 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер – 2,89), 2016 және 2017 жылдары ауру болған жоқ; 2018 жылы (көрсеткіш барлығы – 0,12; оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар – 0,42; жасөспірімдер арасында тіркелмеген). 2014-2015 жылдары аурушандық республикалық көрсеткіштен асып түсті. Ақтөбе облысында иммундаудан бас тарту себептерінің талдауы діни наным бойынша халықтың 73,1% бас тартатынын көрсетті, жеке бас себептері 20,1%-ды құрады, вакцинаға сенімсіздік вакцинациядан бас тартқан 3,8%-ды білдірді. Бас тартудың алдын алу үшін облыста ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілуде.

Негізгі сөздер: қызылша, ауру көрсеткіші, иммундау, Ақтөбе облысы, иммундаудан бас тарту.

SUMMARY

A.A. AMANSHIEVA, S.T. URAZAEVA,
K.S. TUSUPKALIEVA, G.B. KUMAR

DYNAMICS OF EPIDEMIOLOGICAL
SITUATION OF MEASLES IN AKTOBE REGION
FOR 2014-2018

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Purpose: to analyze the epidemiological situation of measles in the Republic of Kazakhstan and Aktobe region for 2014-2018.

Methods. We studied the reporting data of the Epidemiological Department of the Department of Quality Control and Safety of Goods and Services of Aktobe region of the Committee for quality control and safety of goods and services of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan from 2014 to 2018.

In the context of the epidemiological situation of measles Kazakhstan can be divided into 3 levels of morbidity. In Kazakhstan in dynamics there is an increase in the incidence of measles infection and the indicator exceeds the average long-term incidence in the Republic of Kazakhstan, which are 9.1 per 100 thousand populations with pronounced rises in 2015 and 2019. In Aktobe region, this trend continues and is explained by the low coverage of measles vaccination. Thus, the incidence of measles in 2014 amounted to: 1.00 per 100 thousand population (only 2.37; children under 14 years-2.01; adolescents from 15-17 years-2.92), in 2015 (total-12.76; children under 14 years-19.62; adolescents from 15-17 years-2.89), in 2016 and 2017 there were no cases of diseases; in 2018 (total – 0.12; including children under 14 years-0.42; among adolescents not registered). In 2014 - 2015, the incidence exceeded the national indicator. The analysis of the reasons for refusals of immunization in Aktobe region showed that 73.1% of the population refuse on religious beliefs, personal motives amounted to 20.1%, distrust of vaccines was expressed by 3.8% of those who refused vaccination. For the prevention of failures in the region organizational measures are carried out

Keywords: measles, morbidity rates, immunization, Aktobe region, immunization refusals.

УДК 614.1:654.2
МРНТИ: 76.75.75

Г.А. БЕРДЕШЕВА, Ғ.А. ЕРҒАЛИ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Медициналық сауаттылық денсаулық сақтау жүйесінің дамуына және тұрғындардың денсаулық мәселелеріне қатысты шешімдер қабылдауына қажетті дағдылардың жиынтығын қамтиды. Бұл дағдыларға оқу, жазу, санау, сөйлесу және электронды технологияны жиі қолдану жатады. Сауаттылық деңгейі, жалпы алғанда және денсаулық сақтау мәселелерінде, адам денсаулығының жай-күйіне, оның мәдени, әлеуметтік және жеке даму мүмкіндігіне айтарлықтай әсер етеді. Денсаулық сақтау саласындағы сауаттылықтың төмен деңгейі адамның өмір сапасына нұқсан келтіруі мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша дүние жүзі тұрғындарының үштен бірінен астамының медициналық сауаттылығы шектеулі екенін көрсетеді, бұл денсаулық пен пациенттердің қауіпсіздігінің нашарлауына, сондай-ақ медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына әсер етеді.

Негізгі сөздер: медициналық сауаттылық, халықтың денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығы, сауаттылықты бағалау, аурушандықтың алдын алу, денсаулықты нығайту.

«Медициналық сауаттылық» термині туралы мәліметтер ғылыми әдебиеттерде 1974 жылдан бастап пайда болды (С. Симондс. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру – әлеуметтік саясат. Денсаулық сақтау саласындағы монографиялар), бірақ автордың айтуынша, бұл термин тұжырымдамасының қазіргі заманғы түсінігімен ешқандай байланысы жоқ [1]. «Медициналық сауаттылық» термині ғылыми рецензияланған әдебиеттерде 90 жылдарында пайда бола бастады [2].

Бастапқыда «медициналық сауаттылық» термині тек медициналық тұрғыда қолданылды. 1995 жылы Р. Паркер бірінші болып медициналық сауаттылық терминінің анықтамасын дәрігердің рецептілері, дәрі-дәрмектерге түсіндірме және үйде күтім жасау сияқты медициналық материалдарға сауаттылықты қолдану мүмкіндігі ретінде анықтауға тырысты [3].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (Бұдан әрі – ДДҰ) глоссарийінде медициналық сауаттылық терминінің анықтамасы алғаш рет 1998 жылы пайда болды [4]: «медициналық сауаттылық адамдардың денсаулығын сақтау және жақсарту үшін ақпаратты алу, түсіну және пайдалану мотивациясы мен қабілетін анықтайтын танымдық және әлеуметтік дағдыларды білдіреді».

«Медициналық сауаттылық» термині дәрігердің рецептілері мен дәрі-дәрмектерге түсініктемелерді оқу және түсіну қабілеттілігінен де ауқымды мағынаны білдіреді [5]. Уақыт өте келе, ғылыми әдебиеттерде медициналық сауаттылық терминінің көптеген анықтамалары пайда бола бастады, бұл ғылыми салада осы термин туралы жалпы түсініктің жоқтығын көрсетеді деген тұжырымдама жасалды [6].

2012 жылы медициналық сауаттылық бойынша Еуропалық консорциум сауаттылыққа кең және жан-жақты анықтаманы тұжырымдады: ол «Медициналық сауаттылық жалпы сауаттылықпен байланысты және тұрғындардың аурушандығының алдын алу және

денсаулықты нығайту, өмір сүру сапасын сақтау мен жақсартуда медициналық ақпаратты алуға, түсінуге, бағалауға және қолдануға, денсаулыққа қатысты өз пікірін айтуға және күнделікті өмірде шешім қабылдауға қажетті білім, мотивация мен дағдыларға ие екендігін білдіреді» [6, 7].

Бұл анықтама ДДҰ-ның заманауи материалдарында қолданылады және сонымен бірге 2013-2014 жылдардағы медициналық сауаттылық тақырыбы бойынша еуропалық ғылыми әдебиеттерде көп қолданылған [8, 9]. Сонымен қатар, медициналық сауаттылықты зерттеуші авторлар аталған анықтаманы ең маңызды деп санайды.

Көптеген зерттеулер медициналық сауаттылық деңгейі мен денсаулығының нашарлығы, медициналық көмектің жеткіліксіздігі, ауруларды емдеудегі кедергілердің жоғарылауы және мерзімінен бұрын өлім арасындағы байланысты көрсетеді [10-14].

Сонымен қатар, медициналық сауаттылық деңгейі физикалық белсенділіктің төмендігі, дұрыс емес тамақтану, темекі шегу және алкогольды зиянды заттарды пайдалану сияқты мінез-құлықтың қауіп-қатер факторларымен тығыз байланысты екендігі және жұқпалы емес аурулардың алдын алу үшін маңызды фактор болып табылатындығы зерттеулерде дәлелденген [8].

Сонғы жылдарғы медициналық сауаттылық тақырыбы адамдардың денсаулығын жақсарту және денсаулық сақтау жүйелерінің қызметі ретінде көбірек назар аударылуда [3, 7]. Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтау саласындағы сарапшылардың пікірінше тұрғындардың денсаулығын жақсарту және денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті төмендету бойынша тиімді шараларды әзірлеу үшін тұрғындардың медициналық сауаттылық деңгейін зерттеу қажет [15, 16].

Медициналық сауаттылық маңыздылығы халықаралық деңгейде қолға алынып, халықаралық ынтымақтастықты, ұлттық іс-қимыл жоспарлары мен

құқықтық нормаларды құру арқылы медициналық сауаттылықты ұлғайту бойынша жаһандық шаралар қабылдануда [5]. Мысалы, 2010 жылы Америка Құрама Штаттары тұрғындардың медициналық сауаттылығын жақсарту жөніндегі жалпы ұлттық іс-қимыл жоспарын (National Action Plan to Improve Health Literacy) жасады [17].

2012 жылы медициналық сауаттылық көрсеткіші ДДҰ – ның «Денсаулық – 2020» Еуропалық денсаулық сақтау саясатының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау үшін негізгі индикаторлар жүйесіне қосылды [18].

Медициналық сауаттылық – адамдардың қоршаған ортаның жағымсыз факторларына қарсы тұруындағы төзімділігінің және өз денсаулығын жақсартуда белсенді қарым-қатынасының кепілі. Сауаттылық тұрғындардың өз денсаулығына қатысты шешім қабылдау кезінде медициналық қызметті пайдаланушылардың, яғни халықтың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Дені сау сауатты адам:

- дәрі-дәрмектерді қабылдау, емдеу тәртібі бойынша нұсқауларды түсіну және орындау;
- салауатты өмір салтының құндылығын түсіну және оны ұстану;
- қажет болған жағдайда медициналық көмекке қалай, қайда және қашан қол жеткізуге болатынын білу және т.б. денсаулық туралы қажетті ақпаратты ізденуге және бағалауға қабілетті болуы тиіс.

Денсаулық пен сауаттылық – қоғамда өзгеріп отыратын құбылыс. Алайда, денсаулық пен сауаттылық арасындағы байланыс – тұрғындардың қоғамда жұмыс істеу қабілеттілігін анықтайтын динамикалық категория. Денсаулық сақтау осы тұжырымдаманы кеңінен түсіну үшін ауруды және оған әкелетін факторларды мейлінше тиімді жеңуге мүмкіндік беретін көптеген білім мен дағдыларды қажет етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, сауаттылық адамның жағдайлары мен өмірлік тәжірибесін ескере отырып, ақпаратты түсіну және сыни тұрғыдан ойлау мен пайдалану болып табылады.

Барлық тұрғындардың 80%-ы тыңдау мен қарау арқылы сауаттылығын жетілдіреді деп есептеледі. Кейбір болжамдарға сүйенсек, дамыған елдердің өзі қоғамды дамытуды, оның ішінде жалпы және медициналық сауаттылықты жетілдіруде бір бағытта жүреді. Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары жалпы және денсаулық туралы ақпараттың негізгі көзі болып табылады. Смартфондардағы веб-сайттар, чаттар және мобильді қосымшалар кез келген ақпарат пен тәжірибені жылдам беруге, адамдармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Қазіргі инновациялық дамыған қоғамда денсаулық сақтау саласында мобильді қосымшалардың кеңінен қолданылуы, тұрғындардың медициналық цифрлы сауаттылығын арттыруға негіз болады [19].

Қазіргі таңда медициналық сауаттылық функционалдық, интерактивті және критикалық

сауаттылыққа бөлінеді [20,21].

Денсаулық мәселелеріндегі функционалдық сауаттылық – мәтінді оқу, талқылау және түсіну, сондай-ақ сандық есептеулер жүргізу дағдысының болуы. Бұл – денсаулық мәселелері бойынша сауаттылықтың ең төмен деңгейі, алайда, қоғамда денсаулық туралы ақпаратты түсіне алмайтын көптеген адамдар үшін мәселе болып табылады. Олардың ішінде қарт адамдар, ұлтшыл, біліктілігі төмен қызметкерлер, мемлекеттік тілді нашар меңгерген тұрғындар, аз қамтылғандар және тағы басқалары жатады. Денсаулық мәселелерінде функционалдық сауаттылықтың төмен деңгейі стационарлық, жедел және кезек күттірмейтін көмекті жиі пайдалануға алып келеді.

Интерактивті медициналық сауаттылық – дәрігерлермен немесе медбикелермен емдеу нұсқаларын талқылау үшін қажетті дағдылар мен сенімділіктің болуы, емдеудің басқа да нұсқалары туралы ақпарат алу қабілеті мен қажеттілігі.

Денсаулық мәселелері бойынша сауаттылықтың критикалық деңгейі – денсаулық детерминанттарының кең ауқымын бақылай білу, мысалы, денсаулықты сақтау үшін кедергілер пайда болса, шаралар қолдану (өзінің пайдалы ас мәзірін қалыптастыру, гиподинамияны жеңу, салауатты еңбек жағдайлары, қауіпсіз орта және т.б. үшін күресу). Сауаттылықтың бұл деңгейі адамдарға ақпаратты сыни талдауға және жалпы өз өмірін жақсы бақылау үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Сауаттылық деңгейі өте жоғары адамдар өз денсаулығын алдын алу арқылы қорғай алады [20, 21].

Денсаулық сақтау саласындағы сауаттылық деңгейіне жасы, білім деңгейі, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, созылмалы аурулардың болуы немесе болмауы сияқты көптеген көрсеткіштер әсер етеді. Алайда, көбінесе, жоғарғы білімі және қалыпты табысы бар адамдар да жеке денсаулығына қатысты өздері туралы тиісті шешімдерді қабылдау қиындық тудырады. Бұл денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық адамдардың жеке қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ аурулардың алдын алу және емдеу туралы қаншалықты қол жетімді, жеңіл қабылданатын, бағаланатын және қолданылатын ақпаратты олардың елдерінің денсаулық сақтау жүйесінен ауызша, аудио-визуалды немесе жазбаша түрде алатынына байланысты [22, 23].

Соңғы жылдары бірқатар елдердің денсаулық сақтау саясатында пациентке бағытталған әдіс басым қолданылуда, оның ұраны – «менсіз мен туралы шешім болмайды» формуласы. Денсаулықты сақтау үшін көптеген дағдылар мен құзыреттер қажет. Бұл мағынада, медициналық сауаттылық үшін жеке оқу, жазу және жазушылық дағдылардан басқа, іс жүзінде функционалдық сауаттылықта төмендегі шаралар маңызды:

Олар:

- 1) медициналық ақпаратты іздеу, табу және алу мүмкіндігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- 2) медициналық ақпаратты түсіне білу;
- 3) медициналық ақпаратты түсіндіру және бағалау мүмкіндігі;
- 4) денсаулықты сақтауда және және жақсартуда шешім қабылдау ақпаратты жеткізу және пайдалану мүмкіндігі.

Сонымен қатар, медициналық сауаттылық денсаулыққа белгілі бір білім, өзін өзі күту, өзін өзі бақылау, өзіндік тиімділік, проблемаларды шешу және шешім қабылдау дағдылары мен мүмкіндіктер арқылы әсер етеді.

Көптеген зерттеулерде ғалымдар адамдардың өз денсаулықтарына қатысты сауаттылықтарын жетілдіруді маңызды деп есептейтінін анықтады. Адамдарда оқуға деген мотивацияның жоқтығы, оқу олармен байланысты емес деген секілді ойдың болуы, қызығушылық немесе өзіне деген сенім жоқтығы және т.б. себеп болып отыр. Мысалы, оқу ақысын төлеу қажеттілігі, уақыттың жетіспеуі, сонымен қатар, мигранттар үшін тілді білмеу – ең алдымен өзекті. Бұл факторлар ақпараттың жетіспеушілігімен немесе тиімді, қол жетімді оқу курсының жетіспеушілігімен бірге ересектердің өмір бойы білімін жалғастырмайтындығы да қосымша рөл атқарады [24].

Халықтың әртүрлі топтары арасындағы сауаттылықтың жоғары деңгейі қоғамға пайдалы. Сауатты адамдар білімді және ақпараттандырылған, жалақысы жоғары жұмысқа орналасады, сондай-ақ қоғамдық жұмыстар және мемлекеттің экономикалық өркендеуге белсенді қатыса отырып, денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартады. Оқу жетістіктеріне жанама байланысты сауаттылық жұмыспен қамту мен әлеуметтік белсенділіктің маңызды болжаушысы болып табылады [25].

Халықтың медициналық сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі көптеген дамушы және дамыған елдерде де өзекті мәселесі болып табылады. Медициналық сауаттылықтың төмен деңгейі адамдардың денсаулығына теріс әсер ететіндігі анық, бұл ауруларды ерте анықтау, салауатты өмір салтын ұстану, өндірістегі жазатайым оқиғалар, созылмалы ауруларды (қант диабеті, АИТВ инфекция, бронх демікпесі т.б) ерте анықтауға байланысты мәселелерді шешуге кедергі келтіріп, дәрі-дәрмектерді дұрыс қабылдамау, ауруханаға жатқызу санының өсуі мен қайта госпитализациялауға, сондай-ақ, тұрғындардың жоғары сырқаттануы мен өлім-жітімінің деңгейін көрсетеді, аталған жағдайлар өз кезегінде денсаулық сақтау саласының бюджеттік шығындарын жоғарылатады. Медициналық сауаттылығы төмен деңгейдегі тұрғындарға қарт кісілер, мигранттар, әлеуметтік аз қамтылған тұрғындар жатады [26-28].

ДДҰ [29] мәліметтері бойынша, инфекциялық

емес аурулардан жыл сайын 41 миллион адамды қайтыс болады екен, бұл әлемдегі барлық өлімнің 71% құрайды. Мұндай өлімнің шамамен 40% (15 млн) 30 жастан 69 жасқа дейінгі адамдарда ертерек кездеседі. инфекциялық емес аурулардан қайтыс болудың 80%-на жүрек-тамыр аурулары (ең алдымен жүрек соғысы және инсульт), қатерлі ісік, созылмалы респираторлық аурулар (созылмалы обструктивті өкпе ауруы және бронх демікпесі) және 2 типті қант диабеті жатады. Жұқпалы емес аурулары көбінесе созылмалы ауруға айналады, сондықтан оларды сауықтыруда денсаулық сауаттылығы өте маңызды.

Қазіргі әлемдік демографиялық тенденциялар (халықтың өсуі және қартаюуы) инфекциялық емес аурулардың көбеюіне әкеліп соқтырады, өйткені бұл аурулардың көпшілігінен толықтай емделу мүмкін емес, бірақ ремиссияны ұзартуға, өмір сүру сапасын сақтауға және салауатты өмір сүру ұзақтығын арттыруға болады. Сонымен қатар, халықтың қартаюуы және өсуі денсаулық сақтау жүйелеріне тиісті қызметтерге сұраныстың артуына байланысты кадрлардың, материалдық, техникалық және экономикалық жүктемелердің көбеюіне әкеледі [30, 31]. Мұндай жүктемеге бейімделу үшін денсаулықты сақтау және инфекциялық емес ауруларының алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдау, сонымен қатар оларды жүзеге асыру үшін тиісті жағдайлар жасау қажет. Бұл инфекциялық емес аурулардың дамуын баяулатады, яғни мұндай аурулардан мезгілсіз өлімді азайтады, бұл салауатты өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына әкеледі және, сәйкесінше, мемлекеттердің экономикалық әлеуетін ұстап тұруға және көбейтуге қабілетті адами капиталды, тиісті әлеуметтік және медициналық қызметтерді ұсынуға және іске асыруға жағдай жасайды [32].

Әлемнің барлық елдерінде денсаулық сақтау ұйымдарының әлеуметтік-экономикалық жүктемесінің өсуі ДДҰ «ДДҰ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі жаһандық жоспарын» (2013–2020 ж.ж.) әзірлеуге және қабылдауға, ал Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) «Тұрақты даму мақсаттарын 2030 жылға дейін орнатуға» ынталандырды. [33,34].

ДСҰ және БҰҰ инфекциялық емес аурушандық кезіндегі медициналық сауаттылықты жоғарылату, олардың ішінде денсаулық сақтау саласын жақсарту үшін үшін инфекциялық емес аурулардан болатын өлім-жітімді 2025 жылға қарай 25% және 2030 жылға қарай 30% төмендету арқылы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін жетілдіру арқылы медициналық сауаттылықты арттыру міндеттерін айқындады.

Көбінесе адамдарда бірнеше созылмалы ауру пайда болады, әсіресе бұл егде жастағы топ өкілдеріне қатысты. Жұқпалы емес аурушандық тұрғындардың физикалық белсенділігінің төмендігіне, дұрыс емес тамақтануына, темекі шегу және алкогольді пайдалану

сияқты қауіп факторларына байланысты [35-37].

Медициналық сауаттылықтың төмендігі тұрғындардың әлеуметтік әлсіз санаттары арасында мемлекеттік қызметтерге сұраныстың азаюына, сонымен бірге олардың өмірлік әлеуетінің төмендеуіне әкеп соғады [38].

Денсаулық мәселелеріндегі төмен сауаттылықтың салдарлары:

- Бірінші кезекте әлеуметтік қорғалмаған азаматтар үшін медициналық қызметтерге қолжетімділіктің азайтылуы. Мысалы, олар ең алдымен денсаулық бойынша оқытудан, жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға тексерілуден, темекі шегуден бас тартқан кездегі көмектен айрылады. Екінші жағынан, ішімдікті асыра пайдалануды, кез келген түрдегі зорлық-зомбылыққа ұшырауды, жасөспірімдік жастағы жүктілік қауіпін болжайтын қауіпті мінез-құлыққа тән салауатты өмір салтын қалыптастыру ықтималдығы жоғары;
- Салауатты таңдау жасай алмау, мысалы, 4-5 рет дене белсенділігімен аптасына 4 рет айналысу немесе күйзеліс кезінде копинг технологиясын пайдалану;
- Ауруды жете бағаламау және медициналық терминологияны түсінбеу медициналық көмекке кеш қарауға ықпал етеді және оның тиімділігін төмендетеді;
- Ауруларды ерте диагностикалаудың маңыздылығын түсінбеу скрининг бағдарламаларының тиімсіздігіне, ал кейбір жағдайларда – денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығы төмен тұлғалар үшін қолжетімділіктің төмендеуіне әкеледі;
- Медициналық бағдарламалар мен қызметтер туралы ақпараттың болмауы, олардың мәнін білмеу нәтижесінде денсаулық сақтау шығындарының артуына алып келеді;
- Өзінің диагнозын немесе отбасы мүшесінің диагнозын түсінбеу, дәрілік нұсқауларды қоса алғанда, медициналық нұсқауларды түсінбеу емдеу барысында өлімге әкеп соқтырады, сондай-ақ терапияның тиімділігін төмендетуге және емдеудің қымбаттауына әкеп соғады;
- Пациенттің дәрігермен бірге емдеу тактикасы туралы шешім қабылдау мүмкіндігін бұзғанда пациенттің қанағаттану деңгейін төмендетеді, оның емдеу нәтижесін нашарлатады;
- Инфекциялы емес аурушандықтардың таралуының жоғары деңгейі, өзінің ауруын немесе жақындарының (балалары мен қарт ата-аналарының) ауруын басқару дағдыларының болмауы;
- Денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығы жоғары тұрғындарға қарағанда денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығы төмен тұрғындарының өлім қаупі жоғары [24,39,40].

Денсаулық мәселелеріндегі төмен сауаттылыққа ие емделушілерде төмендегідей мәселелер туындауы мүмкін:

- Пациенттердің денсаулық мәселелері бойынша сауаттылық деңгейін ескерместен ұсынылған түрлі медициналық ақпаратты түсінудегі қиындықтары;
- Ақпараттың шынайылығын және оның көзін бағалаудағы қиындықтар;
- Медициналық тілді және кәсіби терминдерді түсінудегі қиындықтар;
- Өз өмірінің контекстінде өз денсаулығын бақылау іскерлігін меңгерудегі қиындықтар [41].

Жекелеген елдерде халықтың медициналық сауаттылығы туралы ең жақсы түсінік алу және қажетті тиімді шаралар қабылдау үшін, халықтың жекелеген немесе ерекше топтарында сауаттылықты арттыру үшін жүйелі түрде зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындауда. Еуропалық елдердегі сауаттылық деңгейін зерттеудің маңыздылығы туралы мәселені алғаш рет Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қарастырған болатын. Осылайша, 2009-2012 жылдар аралығында Еуропаның 8 елінде, яғни Австрия, Болгария, Германия, Греция, Ирландия, Нидерландия, Польша және Испания елдерінде (European Health Literacy Survey, 2009-2012) денсаулық мәселелері бойынша сауаттылыққа еуропалық зерттеу жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша еуропалықтардың жартысына жуығында денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығы жеткіліксіз немесе проблемалы екенін көрсетті. Бұл зерттеу барлық респонденттердің 12%-да денсаулық мәселелеріндегі жалпы сауаттылық жеткіліксіз, ал 35% - да проблемалы екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан 8 елде денсаулық мәселелерінде жеткіліксіз сауаттылық пайызы халықтың 2%-нан 27%-на дейін құрады. Бұдан басқа, елдер арасындағы халықтың денсаулығы мәселелерінде сауаттылық деңгейлерінде елеулі айырмашылықтар анықталды. Осылайша, медициналық сауаттылықтың шектеулі (жеткіліксіз және проблемалы) көрсеткіші Нидерландыда 29%-дан Болгарияда 62%-ға дейін ауытқыды. Сонымен қатар, халықтың белгілі бір топтары үшін денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығы жалпы Еуропа тұрғындарына қарағанда едәуір шектеулі болды – бұл әлеуметтік жағдайы төмен, денсаулық жағдайы нашар топтар, сондай-ақ салыстырмалы түрде үлкен жастағы адамдар анықталған [42-50].

Еуропалық зерттеудің маңыздылығын түсіне отырып, зерттеушілердің көбісі мұндай зерттеулерді өз елдерінде өткізуге ниет білдірген. Осылайша, 2013 жылы денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық бойынша Азиялық қауымдастықтың (Тайвань) бастамасы бойынша 6 елді (Индонезия, Қазақстан, Малайзия, Мьянма, Тайвань және Вьетнам) қамтыған денсаулық мәселелеріндегі сауаттылықты зерттеу бойынша халықаралық популяциялық көлденең зерттеуге жүр-

гізілген. (HealthLiteracySurvey-Asia). Аталған зерттеу «Халықтың медициналық сауаттылығын еуропалық зерттеу» (European Health literacy Survey (HLS-EU), 2009-2012) жобасының жалғасы ретінде бағдарлама шеңберінде әзірленген сауалнаманың жарамдылығы мен валидтілігін бағалау мақсатында аталған елдердегі халыққа сауалнама жүргізу арқылы зерттеу жүргізілді. Аталған зерттеудің қорытындысына сәйкес халықтың медициналық сауаттылық деңгейін зерттеу әлі де маңызды екендігі, зерттеуді жекелеген әртүрлі топтар арасында жүргізу қажет екендігі анықталған [51].

Қорытындылай келе, денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық мәселесі әлемдік қоғамдастықпен өткен ғасырдың бастап өзекті мәселе ретінде қарастырылғаны анықталды. Жалпы сауаттылық деңгейі мен денсаулық мәселелеріндегі сауаттылықтың арасындағы тікелей корреляция орнатылмаған болса да, жалпы сауаттылық денсаулық мәселелеріндегі сауаттылыққа жанама әсер ететіні белгілі.

Денсаулық мәселелері бойынша сауаттылықты жақсарту шешім қабылдайтын тұлғалар, яғни медицина қызметкерлері мен медициналық емес қоғамдастықтың өкілдеріне ерекше рөл бөлінсе де, халықтың осы процеске қатысуын асыра бағалау қиын.

Денсаулық мәселелеріндегі төмен сауаттылық жоғары сырқаттанушылық, жиі емдеуге жатқызу себептерінің бірі болып табылады, ал ең бастысы, оның салдары денсаулық мәселелерінде теңсіздік болып табылады. Бұл саладағы жағдайды Денсаулық мәселелерінде сауаттылықты жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясат пен коммерциялық емес ұйымдардың, бүкіл қоғамдастықтың белсенді қызметі өзгерте алады. Осыған сәйкес, тұрғындардың медициналық сауаттылығын медициналық ұйымдар басқа да ұйымдармен бірлесе жұмыс жасау арқылы жақсарту алады. Сектораралық серіктестіктің құрамына білім беру, тұрғын үй-коммуналдық және экологиялық әл-ауқат, өндірістік, қауіпсіздік, коммерциялық емес ұйымдар кіргізе отырып, халықтың сауаттылығын арттыру бойынша шаралар жүргізілуі қажет. Нақты шаралар түрлі әлеуметтік медиа, оның ішінде әлеуметтік желілерді пайдалану, олардың жұмысына медициналық қоғамдастық пен түрлі ұлттық агенттіктердің белсенді қатысуы болып табылады. Сонымен қатар, медициналық сауаттылықты арттыруға халыққа ақпарат беру, коммуникацияны тиімді жүргізу және құрылымдалған ағарту арқылы қол жеткізуге болады. Медициналық ақпарат беру және санитарлық ағарту жөніндегі іс-шаралардың көпшілігі жеке денсаулық пен өмір салты мәселелеріне сәйкестендірілген. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық денсаулық детерминанттарына қатысты шараларды қабылдау қабілетін, білімі мен түсінігін арттыру мақсатында осындай іс-шараларды әзірлеуге, жүзеге асыруға және бағалауға аса қажеттілік бар.

Мемлекеттер сенімді қаржыландыруды бөлу,

арнайы жобаларды ұйымдастыру, секторлар арасындағы үйлестіруді жүзеге асыру және халықтың медициналық сауаттылығының деңгейін қадағалау үшін тұрақты зерттеулер жүргізу арқылы медициналық сауаттылықты арттыру саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруда шешуші басшылық рөлді өз мойнына алады. Медициналық сауаттылықты арттыру және өлшеу неғұрлым әлеуметтік жағдайы төмен халық арасында аса маңызды болып табылады. Бұл халықтың осал санаттарын жіті және созылмалы аурулардың алдын алу мақсатында немесе белсенді емдеу іс-шараларын насихаттау үшін денсаулықты нығайту жөніндегі іс-қимылды уақтылы және дәйекті жүзеге асыру мүмкіндігін беруге мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау саласындағы медициналық сауаттылықты және тең құқықты арттыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдаудың ұжымдық және репрезентативтік процесін барлық деңгейлерде нығайту денсаулық мүддесі үшін жеке және ұжымдық іс-қимылдарға ықпал ететін болады.

Сауатты адамдар экономикалық өркендеуге белсенді қатыса отырып, жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі және жоғары табысы бар, неғұрлым білімді және жоғары ақпараттандырылған, сондай-ақ, денсаулық пен әл-ауқаттың неғұрлым жоғары деңгейіне ие тұрғындарды айтуға болады. Сондай-ақ, медициналық сауаттылықты жақсарту арқылы медициналық-әлеуметтік және экономикалық әсерлердің оң нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Pleasant A. Health literacy: An opportunity to improve individual, community, and global health. *Adult Education for Health and Wellness*. 2011;130:43–54. <http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/ace.409/abstract>.
2. Sørensen K. Health literacy: the neglected European public health disparity. Thesis. e-book. 2013. <http://digitalarchive.maastrichtuniversity.nl/fedora/get/guid:fec5580d-8b4e-4855-b023-a70b4d8decba/AS-SET1>
3. Pleasant A. Advancing Health Literacy Measurement: A Pathway to Better Health and Health System Performance. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC4292229/>
4. ВОЗ. Глоссарий терминов по вопросам укрепления здоровья. 1998. http://apps.who.int/iris/bitstream/10665/64546/2/WHO_HPR_HEP_98.1_rus.pdf.
5. WHO. Health literacy and health behavior. 2011 <http://www.who.int/healthpromotion/conferences/7g-chp/track2/en/webcite>
6. Sørensen K, Van den Broucke S, Fullam J, Doyle G, Pelikan J, Slonska Z, Brand H. Health literacy and public health: a systematic review and integration of definitions and models. *BMC Public Health*. 2012;72:80. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/22276600>.

7. HLS-EU Consortium. Comparative report on health literacy in eight EU member states. The European Health Literacy Project 2009-2012. <http://www.health-literacy.eu>.
8. ВОЗ. Санитарная грамотность. Убедительные факты, 2014 http://www.euro.who.int/_data/assets/pdf_file/0010/254377/Health_Literacy_RU_web.pdf.
9. Altin SV. The evolution of health literacy assessment tools: a systematic review. BMC Public Health. 2014;14:1207. <http://www.biomedcentral.com/1471-2458/14/1207>.
10. Pleasant A. Advancing Health Literacy Measurement: A Pathway to Better Health and Health System Performance. Journal of Health Communication: International Perspectives. 2014;19(12):1481–1496. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/25491583>.
11. Martensson L, Hensing G. Health literacy — a heterogeneous phenomenon: a literature review. Scand J Caring Sci. 2012;26(1):151–160. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/21627673>.
12. Berkman N, Davis T, McCormack L. Health literacy: What is it? Journal of Health Communication. 2010;15:9–19. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/20845189>.
13. Berkman N, Sheridan S, Donahue K, Halpern D, Crotty K. Low health literacy and health outcomes: an updated systematic review. Ann Intern Med. 2011;155(2):97–107. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/21768583>.
14. Van der Heide I, Wang J, Droomers M, Spreeuwenberg P, Rademakers J. The relationship between health, education, and health literacy: results from the Dutch Adult Literacy and Life Skills Survey. J Health Commun. 2013;18(Suppl 1):172–184. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/24093354>.
15. Tiller D, Herzog B, Kluttig A, Haerting J. Health literacy in an urban elderly East-German population - results from the population-based CARLA study. BMC Public Health. 2015;15:883. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/26357978>.
16. Van der Heide I. Health literacy of Dutch adults: a cross sectional survey BMC Public Health. 2013;13:179. <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/23445541>.
17. U.S. Department of Health and Human Services, Office of Disease Prevention and Health Promotion. (2010). National Action Plan to Improve Health Literacy. Washington, DC. http://health.gov/communication/hlactionplan/pdf/Health_Literacy_Action_Plan.pdf.
18. ВОЗ. Здоровье 2020: основы европейской политики и стратегия для XXI века. 2013. <http://www.euro.who.int/ru/health-topics/health-policy/health-2020-the-european-policy-for-health-and-well-being/about-health-2020>.
- J Environ Radioact. 2016;158–159:119–28. doi: 10.1016/j.jenvrad.2016.04.009. Epub 2016 Apr 14. Systematic influences of gamma-ray spectrometry data near the decision threshold for radioactivity measurements in the environment.
- Зыкова ИА. «Информационные потребности населения в различных радиационно-гигиенических ситуациях. Радиационная гигиена» 2011.
- Липихина АВ, Мансарина АЕ, Кошпесова ГК, Жакупова ШБ, Неклюдов НА, Апсаликова ЗС, Токанова ШЕ. Содержание радионуклидов в питьевой воде и продуктах питания промышленных Регионов Казахстана.
- ГОСТ Р 54038-2010 Почвы. Метод определения Cs-137.
- Todorović N, Bikit I, Vesković M, Krmar M, Mrđa D, Forkapić S, Hansman J, Nikolov J, Bikit K. Radioactivity in the indoor building environment in Serbia. Radiat Prot Dosimetry. 2014;158(2):208–15. doi: 10.1093/rpd/nct210. Epub 2013 Sep 12.

ТҮЙІН

В.А. РАКИШЕВА

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫН
РАДИАЦИЯЛЫҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУМарат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазақстанда көмірсутек шикізатын барлау, өндіру және тасымалдаудың күшеюіне байланысты жекелеген аймақтардың табиғи экожүйелеріне ауыртпалық артты. Адам ағзасына оны азайту үшін алдын алу шараларын уақтылы қабылдау үшін мұнай және газ кен орындары маңындағы аумақты зерттеу қажеттілігі туындады.

«Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтарындағы экологиялық стресті, медициналық көмекті, әлеуметтік қорғауды және халықтың денсаулығын жақсартудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жасау» бағдарламасы бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының аясында біз қоршаған орта объектілерінің (ауыз су, топырақ және өсімдіктер) жағдайын және Батыс Қазақстан облысының аумағында адам биосубстраттарына (қан мен шаш) зерттеу жүргіздік. Қарашығанақ мұнай-газ кен орны маңында орналасқан Орал, Ақсай елді мекендеріне ерекше назар аударылды.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты Қарашығанақ кен орнының қоршаған ортаға әсерін және адам биосубстраттарында радиоактивті заттардың жинақталуын анықтау болды.

Біз келесі әдістерді қолдандық: зертханалық-аспаптық, альфа және бета-спектрометрия, статистикалық, радиометриялық, дозиметриялық бақылау, ретроспективті, радионуклидтердің құрамына гамма-спектрометриялық талдау.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қоршаған орта объектілерінде (ауыз су, топырақ және өсімдік) және адамның биосубстраттарында (қан, шаш) радиоактивті фонның көрсеткіші қалыпты концентрациядан аспағанын анықтадық.

Осылайша, Батыс Қазақстан облысының Қарашығанақ мұнай-газ кен орнына жақын орналасқан Орал, Ақсай қалаларының аумағында, радиацияның зерттелген фондық деңгейі ұйғарынды (қалыпты) концентрациядан аспайды, ал адамның биосубстраттарындағы радиоактивті заттардың құрамы адамға теріс әсер етпейді деген қорытынды жасауға болады.

Негізгі сөздер: радиоактивтілік, доза, альфа және бета сәулелену, радон, гамма фон, жеке дозиметриялық бақылау.

SUMMARY

V.A. RAKISHEVA

RADIATION-ECOLOGICAL ASSESSMENT
OF THE TERRITORIES OF THE WEST
KAZAKHSTAN (NEAR THE KARACHAGANAK
OIL AND GAS FIELD)West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

In recent years, Kazakhstan has sharply increased the load on the natural ecosystems of individual regions, due to the intensification of activities for the exploration, production and transportation of hydrocarbons. As at each stage of work (production, transportation) there is an oil leak and environmental pollution. In this regard, it was necessary to study these areas near oil and gas fields, for timely adoption of preventive measures to reduce it to the human body.

As a part of an integrated research work on the program "Development of scientific and methodological foundations for minimizing environmental stress, medical care, social protection and improvement of the population of ecologically unfavorable territories of the Republic of Kazakhstan" to assess the volume and nature of negative technogenic and environmental risk factors by ranking the studied areas according to the degree of environmental hazard, researchers conducted a study of the state of environmental objects (drinking water), soil and vegetation) and human biosubstrates (blood and hair) in the West Kazakhstan region. Special attention was paid to the settlements of Uralsk, Aksay and Berezovka, which are located near the Karachaganak oil and gas field.

The purpose of our study was establishing the possible impact of Karachaganak field on the state of the environment and the accumulation of radioactive substances in human biosubstrates.

During the study we used the following methods: laboratory-instrumental, alpha and beta spectrometry, statistical, radiometric and dosimetric control, retrospective, gamma-spectrometric analysis of the content of radionuclides.

As a result of the study, we found that in environmental objects (drinking water, soil and vegetation) and human biosubstrates (blood, hair), the indicator of radioactive background did not exceed the maximum permissible concentration.

In this way we can conclude that in the West Kazakhstan region (Uralsk, Aksai and Berezovka), which are located near the Karachaganak oil and gas field, the studied background radiation level does not exceed the maximum permissible concentration. In assessing the content of radioactive substances in environmental objects and human biosubstrates the level of radioactive background does not have a negative impact on the human body.

Keywords: radioactivity, exposure dose, total alpha radiation, total beta radiation, radon, gamma background, individual dosimetric control.

УДК 614.71(574.13)

МРНТИ 76.33.33, 87.25

Л.Д. САКЕБАЕВА, В.М. САБЫРАХМЕТОВА, Г.И. КАРАШОВА, К.Н. ШАЯХМЕТОВА, А.С. ЖУБАНИЯЗОВА

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТЕМІР АУДАНЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАСЫ ЛАСТАНУЫНЫҢ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН КАНЦЕРОГЕНДІК ЕМЕС ҚАУІПТІЛІГІН БАҒАЛАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Кіріспе. Халықтың денсаулығына тіршілік ету ортасы факторларының әсер ету қаупін бағалау – бұл әлеуметтік-гигиеналық мониторингтің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар гигиеналық диагностиканың шыңы. Бұл методологияны жүзеге асыру аумақтың санитарлық жағдайын бағалауға, профилактикалық іс-шаралардың тиімді жүйесін әзірлеуге және жүйелі талдау негізінде халықтың жеке немесе популяциялық денсаулығының болжамды көрсеткішіне қауіптің жекелеген факторларының салымдарын зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақсаты. Темір ауданы халқының денсаулығына атмосфералық ауаның ластануының канцерогендік емес қаупін бағалау.

Әдістері. Денсаулыққа қауіп-қатерді бағалауды «Руководство по оценке риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду» (Р 2.1.10.1920-04) сәйкес жүргізіп, есептедік.

Нәтижелер. Темір ауданының балалары (0-ден 6 жасқа дейінгі) үшін тұрғын аудандардың ауа бассейнінде химиялық заттармен әсер ету кезіндегі максималды канцерогендік емес қауіп анықталды деп айтуға болады. Тыныс алу, қан, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының жоғары қаупі байқалды. Атмосфералық ауаның құрамындағы күкірт ангидридi, күкіртті сутек және азот тотығы осы аурулардың пайда болу қаупін арттыратындығын атап өткен жөн.

Химиялық факторлардың әсер етуінің жоғары қаупі жасөспірімдерде байқалып, оларда тыныс алу органдарының аурулары, қан, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының жоғары қаупі байқалды. Аурулардың пайда болу қаупіне күкіртсутегі мен азот тотығы үлес қосады. Басқа талданған химиялық заттар үшін $HQ < 1$.

Ұқсас көрініс ересектер тобында – ерлерде де, әйелдерде де байқалады. Алайда, ересектерде аурудың даму қаупі балалар мен жасөспірімдерге қарағанда, әлдеқайда аз екенін атап өткен жөн.

Қорытынды. Атмосфералық ауа ластануының халық денсаулығына әсер ету қаупін бағалау балалардың денсаулық жағдайы көрсеткіштерінің нашарлау үрдісін анықтады. Қоныстану аумақтардың әуе бассейніндегі химиялық заттардың әсері кезіндегі ең жоғары канцерогенді емес қауіп Темір ауданының (0-ден 6 жасқа дейін) балалары үшін белгіленген. Тыныс алу органдары, қан және жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары тарапынан аурулардың пайда болу қаупі жоғары. Бұл ретте көрсетілген аурулардың даму қаупіне атмосфералық ауадағы күкіртті ангидрид, күкіртті сутегі, азот және көміртегі тотығы өз үлесін қосатынын атап өткен жөн.

Негізгі сөздер: атмосфералық ауаның ластануы, канцерогендік емес қауіп, балалар, жасөспірімдер, ересектер.

Кіріспе

Қоршаған ортаның техногендік ластануының теріс әсерін Ресей Федерациясының да, Қазақстан Республикасының да әрбір тұрғыны сезінеді. Экологиялық қауіп ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан ең маңызды болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік және қоғам дамуының тұрақтылығы қоршаған ортаның жай-күйін және қоршаған ортаға антропогендік әсер ету көздерін бақылау және табиғатты басқарудың тиімді механизмі болған кезде мүмкін болады.

Әлеуметтік-экожүйе жағдайында атмосфералық ауаның антропогендік ластануы, урбанизацияланған аумақтағы халықтың денсаулығын қалыптастыруға елеулі үлес қосатын жаһандық экологиялық-гигиеналық мәселе. Соңғы жылдары оны шешу үшін РФ-ның көптеген аймақтарында қоршаған ортаның ластану қаупін бағалау және басқару әдістемесі сынақтан өткізілді. Халықтың денсаулығына

тіршілік ету ортасы факторларының әсер ету қаупін бағалау – бұл әлеуметтік-гигиеналық мониторингтің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар гигиеналық диагностиканың шыңы. Бұл методологияны жүзеге асыру аумақтың санитарлық жағдайын бағалауға, профилактикалық іс-шаралардың тиімді жүйесін әзірлеуге және жүйелі талдау негізінде халықтың жеке немесе популяциялық денсаулығының болжамды көрсеткішіне қауіптің жекелеген факторларының салымдарын зерттеуге мүмкіндік береді [1,2,3].

Қазіргі әдебиетті талдау «экологиялық қауіп» ұғымына ерекше мән берілетінін растайды [4,5]. Экологиялық қауіп деңгейі адам ауруларының табиғи және антропогендік алғышарттарының жекелеген сыныптары, сондай-ақ олардың аумақтық үйлесімдері бойынша табиғи және аумақтық-өндірістік кешендерді бірыңғай әдістемелік негіздегі талдауға мүмкіндік береді. Экологиялық қауіп өлшемдерін қолдану ортаның халықтың денсаулығы мен өмір

сүру жағдайларына теріс әсерін бағалау үшін жалпы жиынтық қауіп бойынша да, оның жеке нысандары бойынша да болжамды зерттеулерді орындаудың объективті алғышарттарын жасайды. Халықтың денсаулығы үшін қоршаған ортаның экологиялық қауіп-қатерінің проблемаларын баяндайтын отандық және шетелдік әдебиет, әдетте, медициналық-экологиялық шиеленістің туындау процесін және қауіп-қатердің жаңа нысандарының пайда болуын ортаның ластаушы кешенін қалыптастырумен байланыстырады [6,7,8,9].

Орта факторларының көп компонентті және көп жанама әсері жағдайында Ақтөбе қаласының тұрғындары үшін канцерогенді емес қатердің жиынтық шамасы $9.41 \cdot 10^{-4}$ (жоғары басымдылығы) құрады және 84.8%-ға атмосфералық ауаның ластануының әсерінен, тыныс алу органдары, ОЖЖ және қан жүйесі тарапынан зиянды әсерлердің жоғары даму қауіпімен байланысты болды. Қала тұрғындары үшін жалпы канцерогендік қауіп $2,61 \cdot 10^{-2}$ (жоғары басымдық) құрады және канцерогендердің ингаляциялық және пероралды түсуі есебінен қалыптасты. Өнеркәсіптік қала халқының популяциялық денсаулығы үшін жоғары қауіпті аумақ болып табылады: жалпы канцерогенді емес қатер 2,1 есе, мекендеу ортасының антропогендік ластануының жоғары деңгейі бар аудандарда канцерогенді 4,3 есе жоғары [10,11].

Зерттеу мақсаты

Темір ауданы халқының денсаулығына атмосфералық ауаның ластануының канцерогендік емес қауіпін бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу объектісі Жаңажол мұнай-газ кен орны маңында тұратын Темір ауданының халқы болды. Жұмыс R2.1.10-1920-04 нұсқауында сипатталған қауіптерді бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізілді [12,13]. Канцерогендік емес қауіпті бағалау немесе канцерогендік емес индексті есептеу референтті концентрация немесе доза бөлісінде жүргізілді. Канцерогендік емес қауіпті бағалау әдісі – әрекет етуші концентрацияның (дозаның) шамасын референтімен салыстыру. Егер бұл шамалардың қатынасы бірден аз болса, онда ешқандай қауіп жоқ, егер көп болса, онда қауіп бар.

Канцерогендік емес әсерлерді басым заттардың референттік дозаларына сәйкестігін анықтау негізінде бағалау маңызды болды. Канцерогендік емес әсерлерді сипаттау нақты әсер ету деңгейін қауіпсіз әсер ету деңгейімен (қауіптілік коэффициенті/индексі (HQ)) салыстыру арқылы, формулаға сәйкес жүзеге асырылды:

$$HQ = AC / RfC, \text{ мұнда}$$

AC – экспозицияның нақты деңгейі;

RfC – әсердің қауіпсіз деңгейі (референттік концентрация).

Бір мезгілде бірнеше заттардың ШРЕК-тен төмен деңгейлерде болған кезде биологиялық эффектілердің жинақталуы болатындығын ескере отырып, жинақтау көрсеткішін (Hazard Index) есептеу қажет; жинақтау

адам ағзасының сол мүшелері мен жүйелеріне әсер ететін факторлармен ғана жүзеге асырылады.

$$\text{Hazard Index (HI)} = HQ_1 + HQ_2 + \dots + HQ_n$$

Ақпараттық база ретінде біз алты жылдық кезең үшін стандартты статистикалық есептілік («2ТП-Воздух» нысаны) деректерін (Темір ауданының атмосферасындағы негізгі ластаушы заттардың мөлшері туралы мәліметтер 1-кестеде келтірілген) және олардың орташа жылдық концентрациясын «АОЕКС» РГКП мәліметтері бойынша» ҚР ҰЭМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті пайдаландық.

Қауіптілікті есептеу үшін созылмалы ингаляциялық әсер үшін референтті концентрация қолданылды (2-кесте). Атмосфералық ауаны ластайтын күкірт диоксиді, азот оксиді, күкірт сутегі, көміртегі тотығы үшін маңызды мүшелер мен жүйелерді ескере отырып, канцерогендік емес қауіп-қатерді есептеу жүргізілді.

Зерттеудің бірінші кезеңінде ластаушы заттардың орташа жылдық және орташа тәуліктік концентрациясы есептелді (3-кесте). Осы есептеулердің негізінде ағзаға атмосфералық ауамен келіп түсетін заттардың концентрациясын, дене салмағының мг/кг есебінен (көрсетілген уақыт кезеңінде) анықтадық.

Канцерогенді емес әсерлердің қауіптілік коэффициенті (HQ) жынысы (ерлер, әйелдер) және жасы (балалар, жасөспірімдер, ересектер) ескере отырып есептелді. Hazard Index жоғарыда көрсетілген барлық заттар үшін сол параметрлерді ескере отырып (жынысы, жасы) анықталды. Сонымен қатар, әрбір маңызды орган мен жүйелер үшін HI есептелді.

Алынған нәтижелер мен әсер ету факторларының ұсынылған стандартты мәндеріне сүйене отырып, ересектер (ерлер, әйелдер), жасөспірімдер және балалар үшін популяция қауіпі формула бойынша есептелді:

$$HRI = E \times TW \times P / 10\,000, \text{ мұнда}$$

HRI – салыстырмалы канцерогенді емес қауіптілік индексі;

TW – денсаулыққа әсер етудің салмақтық коэффициенті;

P – популяция саны;

E – шартты экспозицияның шамасы (т/жыл).

Әрі қарай бір немесе бірнеше созылмалы тәуліктік дозалардың (ADDch) өмірлік тәуліктік дозасы (LADD) формула бойынша өмірдің үш кезеңі үшін орташа өлшенген доза ретінде есептелді:

$$LADD = \frac{(EDb \times ADDchb) + (EDc \times ADDchc) + (Eda \times ADDcha)}{AT}, \text{ мұнда}$$

AT

LADD – өмірлік орташа тәуліктік доза;

EDb – балаларға арналған экспозицияның ұзақтығы (0 < 6 жас) – 6 жыл;

EDc – жасөспірімдерге арналған экспозицияның ұзақтығы (6 < 18 жас) – 12 жыл;

Eda – ересектерге арналған экспозицияның ұзақтығы (18 және одан жоғары жастағы)

12 жыл;
ADDchb – балаларға арналған созылмалы орташа тәуліктік доза, мг/(кг*тәулік);

ADDchs – жасөспірімдерге арналған созылмалы орташа тәуліктік доза, мг/(кг*тәулік);

ADDcha – ересектерге арналған созылмалы орташа тәуліктік доза, мг/(кг*тәулік);

АТ – орташалау уақыты (жылдар саны).

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу кезеңінде (2011-2016жж.) Темір ауданының атмосферасында ластаушы заттардың шығарындылары айтарлықтай өсті. Әсіресе, 2016 жылы көміртегі оксидінің шығарындылары (8992т.) 2011 жылмен салыстырғанда (6673т.) артты.

2-кестеде негізгі органдары немесе жүйелері көрсетілген референттік дозалар мен концентрациялардың ұсынылған мәндері берілген.

3-ші кестеде Темір ауданының ауасындағы мг/м³ берілген ластаушы заттардың концентрациясы және тоннамен берілген орташа жылдық және орташа тәуліктік шығарындылары көрсетілген.

Канцерогендік емес қауіптерді есептеу барысында, Темір ауданындағы балалар денсаулығына төнетін қауіптің ең жоғары екендігін көрсетті (4-кесте). Атап айтқанда, күкіртсутегі мен азот оксидтері үшін HQ максималды мәні анықталды, олар 97 және 12,125 құрады. Сонымен қатар, күкіртті ангидрид үшін 1,0-ден жоғары HQ мәні анықталды (1,46). Көміртек

тотығы үшін HQ <1.

Жалпы Hazard Index 110,666 құрады. Тыныс алу органдары үшін HI бірінші орынды алады және 110,585 тең. Екінші орында қан және жүрек-қан тамырлары жүйесі аурулары (HI=12,206); үшінші орында жалпы даму мен ОЖЖ (HI=0,081) зақымдануы орын алады.

Ауаның ластануына байланысты денсаулыққа қауіптілік жағынан екінші орында Темір ауданында тұратын жасөспірімдер тұр (5-кесте). Ең жоғары HQ мәні 20 және 2,5 болатын күкіртсутек пен азот тотығы үшін белгіленді. Күкірт ангидридін мен көміртегі тотығы үшін HQ<1. Жасөспірімдер денсаулығына қауіптілік деңгейі 6 жасқа дейінгі балаларға қарағанда 5-6 есе төмен.

Осы топтағы жалпы HI 22,817 құрады. Тыныс алу органдары үшін HI бірінші орында (HI = 22,8), екінші орында қан және жүрек-тамыр жүйелері (HI = 2,517), үшінші орында – жалпы даму зақымдануы және орталық жүйке жүйесі (HI = 0,017).

Темір ауданындағы әйел тұрғындары үшін атмосферадағы химиялық факторлардың әсерінен денсаулығына төнетін қауіп аз болды (6-кесте). Атап айтқанда, HQ максималды мәні күкіртсутек пен азот тотығы үшін белгіленді, олар 15 және 1,8 құрады. Басқа талданған химиялық заттар үшін HQ <1.

Жалпы Hazard Index 17,252 құрады. Тыныс алу органдары үшін HI бірінші орынды алады және 17,24 тең. Екінші орында қан және жүрек-қан тамырлары

Кесте 1. Жаңажол газ өңдеу зауыты орналасқан ауданда атмосфералық ауаға зиянды заттардың орташа жылдық шығарындылары (тонна / жыл)

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	орташа
Күкірт ангидридi	4228,371	3445,310	5188,561	6344,767	702,950	1685,734	3599,282
Азот тотығы	795,033	791,336	804,455	867,106	1001,740	1054,682	885,725
Көміртегі тотығы	6673,394	6692,252	6932,995	7483,231	8513,920	8992,373	7548,027
Күкірт сутегі	0,00087	0,00089	0,00086	0,00090	0,00088	0,000862	0,00088
Көмірсутектер	336,734	336,734	336,734	336,734	336,734	336,734	336,734

Кесте 2. Созылмалы ингаляциялық әсер ету үшін референттік концентрациялар

CAS	заттар	RFC , мг/м ³	Сыни органдар/жүйелер
7446-09-5	Күкірт ангидридi	0,05	тыныс алу органдары
10102-43-9	Азот тотығы	0,04	тыныс алу органдары, қан (MetHb түзілуі)
630-08-0	Көміртегі тотығы	3	қан, жүрек-қан тамыр жүйесі, даму, ОЖЖ
7783-06-4	Күкірт сутегі	0,002	тыныс алу органдары
	Жалпы көмірсутектер (гексан бойынша)	0,071	көз, тыныс алу органдары, бауыр, бүйрек, ОЖЖ

Кесте 3. Темір ауданының атмосферасына ластаушы заттардың орташа жылдық және орташа тәуліктік шығарындылары (тонна)

Заттар	Жыл	Тәулік	Орташа концентрация (мг/м ³)
Күкірт ангидридi	3599,282	9,861	0,03
Азот тотығы	885,725	2,427	0,2
Көміртегі тотығы	7548,027	20,679	0,1
Күкірт сутегі	0,00088	0,0000241	0,08
Жалпы көмірсутектер (гексан бойынша)	336,734	0,923	0,4

Кесте 4. Темір ауданының балалар денсаулығы үшін канцерогендік емес қауіптің сипаты (0-ден 6 жасқа дейін)

Заттар	Доза, мг/кг	RfC , мг/кг	HQ	Орган
Күкірт ангидридi	0,073	0,05	1,46	тыныс алу органдары
Азот тотығы	0,485	0,04	12,125	тыныс алу органдары, қан (MetHb дамуы)
Көміртегі тотығы	0,243	3	0,081	қан, жүрек-қан тамыр жүйесі, даму, ОЖЖ
Күкіртсутегі	1,941	0,002	97	тыныс алу органдары
Жиынтық қауіп даму HI бүйрек HI қан, жүрек-қан тамыр жүйесі HI тыныс алу органдары HI ОЖЖ HI бауыр HI	жалпы HI		110,666	
		0,081		
		-		
		12,206		
		110,585		
		0,081		
		-		

Кесте 5. Темір ауданы жасөспірімдерінің денсаулығына канцерогендік емес қауіптің сипаты (15-тен 18 жасқа дейін)

Заттар	Доза, мг/кг	RfC , мг/кг	HQ	Орган
Күкірт ангидридi	0,015	0,05	0,3	тыныс алу органдары
Азот тотығы	0,10	0,04	2,5	тыныс алу органдары, қан (MetHb дамуы)
Көміртегі тотығы	0,05	3,0	0,017	қан, жүрек-қан тамыр жүйесі, даму, ОЖЖ
Күкіртсутегі	0,40	0,002	20	тыныс алу органдары
Жиынтық қауіп даму HI бүйрек HI қан, жүрек-қан тамыр жүйесі HI тыныс алу органдары HI ОЖЖ HI бауыр HI	жалпы HI		22,817	
		0,017		
		-		
		2,517		
		22,8		
		0,017		
		-		

Кесте 6. Темір ауданындағы әйел тұрғындары үшін канцерогендік емес қауіптіліктің сипаты

Заттар	Доза, мг/кг	RfC , мг/кг	HQ	Орган
Күкірт ангидридi	0,022	0,05	0,44	тыныс алу органдары
Азот тотығы	0,072	0,04	1,8	тыныс алу органдары, қан (MetHb дамуы)
Көміртегі тотығы	0,036	3,0	0,012	қан, жүрек-қан тамыр жүйесі, даму, ОЖЖ
Күкіртсутегі	0,3	0,002	15	тыныс алу органдары
Жиынтық қауіп даму HI бүйрек HI қан, жүрек-қан тамыр жүйесі HI тыныс алу органдары HI ОЖЖ HI бауыр HI	жалпы HI		17,252	
		0,012		
		-		
		1,81		
		17,24		
		0,012		
		-		

жүйесі аурулары (HI=1,81); үшінші орында жалпы даму мен ОЖЖ (HI=0,012) зақымдануы орын алады.

Темір ауданындағы ерлердің денсаулығы үшін қауіп аз (бірақ әйелдермен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық жоқ) байқалды (7-кесте). Халықтың осы тобында да әйелдер тенденциясы байқалды. Сонымен, HQ күкіртсутегі үшін 13 және азот тотығы үшін 1,63 болды. Басқа талданған химиялық заттар үшін HQ <1.

Осы топтағы жалпы HI саны 14,84 болды. Негізгі мүшелер мен жүйелердің ішінде тыныс алу мүшелері

(HI = 14,83) бірінші орында, қан мен жүрек-тамыр жүйелері аурулары (HI = 1,64) екінші орында, ал орталық жүйке жүйесінің зақымданулары үшінші орында (HI = 0,01).

Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, Темір ауданының балалары (0-ден 6 жасқа дейінгі) үшін тұрғын аудандардың ауа бассейнінде химиялық заттармен әсер ету кезіндегі максималды канцерогендік емес қауіп анықталды деп айтуға болады. Тыныс алу, қан, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының жоғары

Кесте 7. Темір ауданының ерлер денсаулығына канцерогендік емес қауіптің сипаты

Зат	Доза, мг/кг	RfC, мг/кг	HQ	Орган
Күкірт ангидридi	0,01	0,05	0,2	тыныс алу органдары
Азот тотығы	0,065	0,04	1,63	тыныс алу органдары, қан (MetHb дамуы)
Көміртегі тотығы	0,03	3,0	0,01	қан, жүрек-қан тамыр жүйесі, даму, ОЖЖ
Күкіртсутегі	0,26	0,002	13	тыныс алу органдары
Жиынтық қауіп даму HI		жалпы HI	14,84	
бүйрек HI		0,01		
қан, жүрек-қан тамыр жүйесі HI		-		
тыныс алу органдары HI		1,64		
ОЖЖ HI		14,83		
бауыр HI		0,01		
		-		

қауіп байқалды. Атмосфералық ауаның құрамындағы күкірт ангидридi, күкіртті сутек және азот тотығы осы аурулардың пайда болу қауіпін арттыратындығын атап өткен жөн.

Химиялық факторлардың әсер етуінің жоғары қауіп жасөспірімдерде байқалып, оларда тыныс алу органдарының аурулары, қан, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының жоғары қауіп байқалды. Аурулардың пайда болу қауіпiне күкіртсутегі мен азот тотығы үлес қосады. Басқа талданған химиялық заттар үшін HQ <1.

Ұқсас көрініс ересектер тобында – ерлерде де, әйелдерде де байқалады. Алайда, ересектерде аурудың даму қауіпi балалар мен жасөспірімдерге қарағанда әлдеқайда аз екенін атап өткен жөн.

Темір ауданы тұрғындарының жас топтары бойынша популяциялық қауіп-қатерін есептеуде (1-сурет), ең жоғары канцерогендік емес қауіп-қатерге әйелдер ұшырайтындығын көрсетті ($\Sigma = 123,79$).

Екінші орында ересектер ($\Sigma = 121,66$), үшінші орында балалар ($\Sigma = 104,47$), ал жасөспірімдер ең аз қауіпке ие ($\Sigma = 22,18$). Тұрғындар денсаулығына ең жоғары қауіп ауадағы азот тотығы мен күкіртсутек мөлшері болатындығын атап өткен жөн.

Атмосфералық ауадан зиянды заттардың организмге түсуінің өмірлік орташа тәуліктік дозасы (2-сурет) бойынша алынған мәліметтер, өмірдің бар-


лық кезеңіндегі ең жоғарғы тәуліктік концентрация балалар тобына (0 - 6 жас); одан кейін жасөспірімдер мен ересектерге келетінін көрсетті.

Алынған мәліметтерді талдау


Белгілі болғандай, мұнай-газ өндіру саласы республикамыздың алмастырылмайтын локомотиві. Мұнай мен газды өндіру, өңдеу, сондай-ақ сақтау объектілерінің жоспарлау сатысындағы және іске қосылғандары біздің елімізде кеңінен таралған. Көбіне әртүрлі елді мекендер қоршап тұрған бұл нысандар халықтың денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Осыған байланысты, пайдалануға берер алдында да, өндірістік объектіні болашақта пайдалану нәтижесінде ластаушы заттар шығарындыларының денсаулыққа қауіп-қатерін бағалау қажет [14,15].

Мұнайхимиялық кәсіпорындары шығарындыларының құрамында адам денсаулығына зиянды болуы мүмкін улы және канцерогенді қосылыстар болуы мүмкін. Дамып келе жатқан елдерде нашар болуы мүмкін, себебі мұнда денсаулық сақтаудың осындай проблемаларын шешу әдетте тиісті деңгейде орындалмайды және денсаулыққа қатысты мұндай қауіп-қатер туралы жеткілікті түрде хабардар етілмейді [16].

Қазіргі уақытта қауіп-қатерді бағалау әдістемесі қоршаған орта факторларының халықтың



1-сурет. Темір ауданының тұрғындары үшін популяциялық канцерогендік емес қауіптер



2-сурет. LADD (өмірлік орташа тәуліктік доза) канцерогендік емес әсерлер үшін мг/(кг*күн)

денсаулығына әсерін сипаттайтын тиімді аналитикалық құрал болып табылады. Сонымен қатар, бұл бақылау жүйесін жетілдірудің және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының біріне айналды. Қауіп-қатер факторы қоршаған ортаны ластайтын заттардың белгілі бір концентрациясы мен адам денсаулығына теріс әсер ету ықтималдығы арасындағы қатынасты алуға мүмкіндік береді [17,18,19,20].

Өздеріңіз білетіндей, көптеген патологиялық жағдайлардың пайда болуы мен дамуы көбіне қоршаған ортаның сапасына байланысты. Бұл жағдайларда экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, гигиеналық донозологиялық диагностиканың әдіснамасы мен әдістемелік тәсілдерін ғылыми әзірлеу және енгізу ерекше маңызды болып табылады. Балалардың денсаулық жағдайы қоршаған орта сапасының индикаторы болып табылады, себебі қарқынды метаболизмі мен морфофункционалды ерекшеліктері бар өсіп келе жатқан баланың организмі қоршаған орта зиянды факторларының әсеріне сезімтал және тез қабылдағыш болып келеді. Осыған байланысты балалардың денсаулығын зерттеу нәтижелері, экологиялық патологиялық жағдайлардың даму қауіпін гигиеналық бағалаудың басқа критерийлері арасында сенімді индикаторы ретінде қарастырылады [21, 22,23].

Қауіп-қатерді талдау белгілі бір жағдайда оны жоюдың немесе азайтудың ең жақсы тәсілдерін таңдауға бағытталған және өзара байланысты үш элементті қамтиды: денсаулыққа қауіп-қатерді бағалау, қауіп-қатерді басқару және қауіп-қатер жөнінде хабарлама [24, 25,26,27].

Сонымен, денсаулыққа қатерді кешенді талдаудың әдістемесі адамды қоршаған ортасының сапасы мен экологиялық қауіпті бағалау жүйесінде перспективті және дамушы тәсіл болып табылады [28,29,30,31,32].

Қорытынды

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша, қоныстану аумақтардың әуе бассейніндегі химиялық заттардың әсері кезінде ең жоғары

канцерогенді емес қауіп Темір ауданының балалары (0-ден 6 жасқа дейін) үшін белгіленген. Тыныс алу органдары, қан және жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары тарапынан аурулардың пайда болу қаупі жоғары белгіленген. Бұл ретте көрсетілген аурулардың даму қауіпіне атмосфералық ауадағы күкірт ангидридi, күкірт сутегі, азот және көміртегі тотығы өз үлесін қосатынын атап өткен жөн.

Келесі топ – тыныс алу органдары ауруларының жоғары қауіпі бар жасөспірімдер. Аурулардың дамуының негізгі үлесі күкіртсутек болып табылады. Қалған химиялық заттар үшін қауіптілік коэффициенті (HQ) бірліктен аспайды. Осындай көріністер ерлерде де, әйелдерде де байқалады. Алайда, ересектерде аурулардың даму қауіпі балалар мен жасөспірімдерге қарағанда айтарлықтай аз екенін атап өту керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мамырбаев АА, Сакебаева ЛД. Основы оценки риска для здоровья населения. В кн. Основы медицины труда. Актобе. 2010;194–216.
2. Неменко БА, Шарбаков АЖ, Арынова ГА, Оспанова ГК. Методические указания по оценке риска для здоровья населения химических факторов окружающей среды. Астана, 2007;15.
3. Ермуханова ЛС, Карашова ГИ, Жумагазиева МС. Оценка здоровья работающего населения в условиях антропогенного загрязнения окружающей среды. Актобе, 2010;41.
4. Амреева К, Омирбаева С. Оценка риска влияния техногенного загрязнения атмосферного воздуха на здоровье населения в условиях центрального Казахстана. Современные проблемы науки и образования. 2012;6:196.
5. Степанова НВ, Святова НВ, Сабирова ИХ, Косов АВ. Оценка влияния и риск для здоровья населения от загрязнения атмосферного воздуха выбросами автотранспорта. Фундаментальные исследования. 2014;10-6:1185–1190.
6. Авалиани СЛ, Андрианова ММ, Печенников ЕВ, Пономарёва ОВ. Окружающая среда. Оценка риска для здоровья (мировой опыт). International

- Institute for Health Risk Assessment. Консультативный центр по оценке риска. Москва, 1997;159.
7. Новиков СМ, Авалиани СЛ, Андрианова ММ, Пономарёва ОВ. Окружающая среда. Оценка риска для здоровья. Основные элементы методологии/ Консультативный центр по оценке риска. Гарвардский институт международного развития. Институт устойчивых сообществ. Москва. 1998;119.
 8. Рахманина ЮА, Онищенко ГГ. Основы оценки риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду. М.: НИИЭС и ГОС, 2002;408.
 9. Новиков СМ. Химическое загрязнение окружающей среды: основы оценки риска для здоровья населения. Москва, 2002;28.
 10. Засорин БВ. Комплексная характеристика канцерогенного риска здоровью населения урбанизированных территорий. Медицинский журнал Западного Казахстана. 2008;3(19):99–103.
 11. Засорин БВ. Комплексная оценка канцерогенной нагрузки на население Актобе. Медицинский журнал Западного Казахстана. 2008;3(19):103–106.
 12. «Руководство по оценке риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду» (Р 2.1.10.1920-04), утв. Главным государственным санитарным врачом РФ от 05.03.2004; 198.
 13. Stepkin IuI, Kuzmichev MK. [Assessment of a risk from exposure to atmosphere bus industrial emissions]. Gig Sanit. 2009 Jan-Feb;(1):9–11. Russian.
 14. Бекшин ЖМ, Кенесары ДУ, Досмухаметов АТ, Кенесариев УИ, Кенесары АУ, Ерденова МА. Оценка канцерогенных рисков здоровью на примере Аральского нефтяного терминала. Вестник Казахского Национального медицинского университета. 2014;3(1):55-57.
 15. Masnavieva LB, Efimova NV, Kudaeva IV. Individual risks to adolescent health, caused by contaminating the air, and their relationship with the levels of specific autoantibodies]. Gig Sanit. 2016;95(8):738–42. Russian.
 16. Kampeerawipakorn O, Navasumrit P, Settachan D, Promvijit J, Hunsonti P, Parnlob V, Nakngam N, Choonvisase S, Chotikapukana P, Chanchaemsai S, Ruchirawat M. Health risk evaluation in a population exposed to chemical releases from a petrochemical complex in Thailand. Environ Res. 2017 Jan;152:207–213.
 17. Заболотских ВВ, Васильев АВ, Терещенко ЮП, Васильев ВА. Методология оценки рисков здоровью населения урбанизированных территорий. Известия Самарского научного центра РАН. 2016;18:5(2):
 18. Piersanti A, Adani M, Briganti G, Cappelletti A, Ciancarella L, Cremona G, D'Isidoro M, Lombardi C, Pacchierotti F, Russo F, Spanò M, Uccelli R, Vitali L. Air quality modeling and inhalation health risk assessment for a new generation coal-fired power plant in Central Italy. Sci Total Environ. 2018 Dec 10;644:884–898.
 19. Petrovic M, Sremacki M, Radonic J, Mihajlovic I, Obrovski B, Vojinovic Miloradov M. Health risk assessment of PAHs, PCBs and OCPs in atmospheric air of municipal solid waste landfill in Novi Sad, Serbia. Sci Total Environ. 2018 Dec 10;644:1201–1206.
 20. Huang S, Shao G, Wang L, Wang L, Tang L. Distribution and Health Risk Assessment of Trace Metals in Soils in the Golden Triangle of Southern Fujian Province, China. Int J Environ Res Public Health. 2018 Dec 31;16(1). pii: E97.
 21. Онищенко ГГ, Новиков СМ, Рахманин ЮА. Комплексное определение антропогенной нагрузки на водные объекты, почву, атмосферный воздух в районах селитебного освоения. М.: НИИ ЭЧ и ГОС. 1996;28.
 22. Шашина ТА. Сравнительная канцерогенная эффективность ионизирующего излучения и химических соединений: Публикация 96 НКРЗ М.: Энергоатомиздат. 1998;12–17.
 23. Zhang H, Mao Z, Huang K, Wang X, Cheng L, Zeng L, Zhou Y, Jing T. Multiple exposure pathways and health risk assessment of heavy metal (loid)s for children living in fourth-tier cities in Hubei Province. Environ Int. 2019 Aug;129:517–524.
 24. Авалиани СЛ, Буштуева КА, Новиков СМ, Онищенко ГГ. Основы оценки риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду. М.: НИИ ЭЧ и ГОС. 2002;408.
 25. Быков АА, Земляная ГМ, Соленова ЛГ, Фурман ВД. Методические рекомендации по анализу и управлению риском воздействия на здоровье населения вредных факторов окружающей среды. М.: Анкил. 1999;42.
 26. Morgenstern RD, Shih J, Sessions SL. Comparative risk assessment: an international comparison of methodologies and results. J Hazard Mater. 2000 Nov 3;78(1-3):19–39.
 27. Safiur Rahman M, Khan MDH, Jolly YN, Kabir J, Akter S, Salam A. Assessing risk to human health for heavy metal contamination through street dust in the Southeast Asian Megacity: Dhaka, Bangladesh. Sci Total Environ. 2019 Apr 10;660:1610–1622.
 28. Xu X, Zhang H, Chen J, Li Q, Wang X, Wang W, Zhang Q, Xue L, Ding A, Mellouki A. Six sources mainly contributing to the haze episodes and health risk assessment of PM_{2.5} at Beijing suburb in winter 2016. Ecotoxicol Environ Saf. 2018 Dec 30;166:146–156.
 29. Wang P, Zhao N, Cui Y, Jiang W, Wang L, Wang Z, Chen X, Jiang L, Ding L. Short-chain chlorinated paraffin (SCCP) pollution from a CP production plant in China: Dispersion, congener patterns and health risk assessment. Chemosphere. 2018 Nov; 211:456–464.

30. Zhang X, Zhao XM, Meng XJ, Wang XY, Yang S, Xu XP, Wang ST, Gu C, Wang ML, Ren H, Zhang ZY, Yan GX, Cao ZG, Wang YS. Particle Size Distribution and Human Health Risk Assessment of Heavy Metals in Atmospheric Particles from Beijing and Xinxiang During Summer. 2018 Mar 8;39(3):997–1003.
31. Doabi SA, Karami M, Afyuni M, Yeganeh M. Pollution and health risk assessment of heavy metals in agricultural soil, atmospheric dust and major food crops in Kermanshah province, Iran. *Ecotoxicol Environ Saf*. 2018 Nov 15;163:153–164.
32. Weerasundara L, Magana-Arachchi DN, Ziyath AM, Goonetilleke A, Vithanage M. Health risk assessment of heavy metals in atmospheric deposition in a congested city environment in a developing country: Kandy City, Sri Lanka. *J Environ Manage*. 2018 Aug 15;220:198–206.

РЕЗЮМЕ

Л.Д. САКЕБАЕВА, В.М. САБЫРАХМЕТОВА,
Г.И. КАРАШОВА, К.Н. ШАЯХМЕТОВА,
А.С. ЖУБАНИЯЗОВА

ОЦЕНКА НЕКАНЦЕРОГЕННОГО РИСКА ЗАГРЯЗНЕНИЯ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ НАСЕЛЕНИЯ ТЕМИРСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Введение. Оценка риска воздействия факторов среды обитания на здоровье населения – это не только неотъемлемая часть социально-гигиенического мониторинга, но и пик гигиенической диагностики. Реализация этой методологии позволяет оценить санитарное благополучие территории, разработать эффективную систему профилактических мероприятий, и на основе системного анализа, изучить вклады отдельных факторов риска в прогнозируемый показатель индивидуального или популяционного здоровья населения.

Цель исследования. Оценка неканцерогенного риска загрязнения атмосферного воздуха на здоровье населения Темирского района.

Методы. Работа выполнена по методологии оценки риска, изложенной в «Руководство по оценке риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду» (Р 2.1.10.1920-04).

Результаты. Максимальный не канцерогенный риск при воздействии химических веществ, находящихся в воздушном бассейне селитебных территорий, установлен для детского населения (от 0 до 6 лет) Темирского района. Отмечен высокий риск возникновения заболеваний органов дыхания, болезней крови и сердечно-сосудистой системы. При этом следует подчеркнуть, что свой вклад в риск развития указанных заболеваний вносят содержащиеся в атмосферном воздухе сернистый ангидрид, сероводород и окислы азота.

Следующая группа, относящаяся к повышенным рискам влияния химических факторов среды обитания – подростки, у которых так же установлен высокий риск заболеваний органов дыхания, болезней крови и сердечно-сосудистой системы. Основной вклад в риски

SUMMARY

L.D.SAKEBAYEVA, V.M. SABYRAKHMETOVA,
G.I. KARASHOVA, K.N. SHAYAKHMETOVA,
A.S.ZHUBANIYAZOVA

ASSESSMENT OF NON-CARCINOGENIC RISK FOR PUBLIC HEALTH DUE TO AIR POLLUTION IN THE TEMIR DISTRICT OF AKTOBE REGION

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Introduction. Risk assessment of the impact of environmental factors on the health of the population is not only an integral part of social and hygienic monitoring, but also the pinnacle of hygienic diagnostics. The implementation of this methodology allows to assess the sanitary well-being of the territory, to develop an effective system of preventive measures, and on the basis of system analysis, to study the contributions of individual risk factors to the projected indicator of individual or population health.

Purpose: assessment of the non-carcinogenic risk of the effect of air pollution on the population health of the Temir district.

Methods. The work was carried out according to the risk assessment methodology described in the “Guidelines for assessing the risk to public health under the influence of chemicals polluting the environment” (R 2.1.10.1920-04).

Results. The maximum non-carcinogenic risk when exposed to chemicals in the air basin of residential areas is set for the child population (from 0 to 6 years) of the Temir district. A high risk of respiratory diseases, blood diseases and the cardiovascular system was noted. It should be emphasized that sulfur dioxide, hydrogen sulfide, and nitrogen oxides contained in atmospheric air contribute to the risk of developing these diseases.

The next group related to the increased risks of the influence of chemical environmental factors is teenagers, who also have a high risk of respiratory diseases, blood diseases and the cardiovascular system. The main contribution to the risks of developing diseases is made by hydrogen sulfide and nitrogen oxides. While for the rest of the chemicals, HQ does not exceed unity.

A similar picture is observed in the adult population – both in men and in women. However, it should be emphasized that the risk of developing diseases in adults is much less than in children and adolescents.

развития заболеваний вносят сероводород и окислы азота. В то время как для остальных химических веществ HQ не превышает единицы.

Аналогичная картина наблюдается у взрослого населения – как у мужчин, так и у женщин. Однако следует подчеркнуть, что риск развития заболеваний у взрослых значительно меньше, чем у детей и подростков.

Ключевые слова: загрязнение атмосферного воздуха, неканцерогенный риск, дети, подростки, взрослые.

Conclusion. The maximum non-carcinogenic risk due to exposure to chemicals in the air basin of residential areas has been established for the children (from 0 to 6 years old) of the Temir district. A high risk of respiratory diseases, blood diseases and the cardiovascular system was noted. It should be emphasized that sulfur dioxide, hydrogen sulfide, and nitrogen oxides contained in atmospheric air contribute to the risk of developing these diseases.

Keywords: air pollution, non-carcinogenic risk, children, teenagers, adults.

УДК 616.9:616-022.369-039.71:614.2

МРНТИ 76.29.50, 76.29.29

Ж.К. ТАШИМОВА¹, С.Т. УРАЗАЕВА¹, Л.С. АЙТАСОВА², Р.А. ДОСИЕВА³

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ АУРУШАҢДЫҚ ДИНАМИКАСЫ

¹Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

²Темір аудандық орталық ауруханасы, Ақтөбе, Қазақстан

³Ақтөбе облысы Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, Ақтөбе, Қазақстан

Зерттеу мақсаты: Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекцияларының (МКБИ) аурушаңдығының динамикасын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Ақтөбе облысы Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінен 2007-2018 аралығындағы статистикалық материалдар алынды. МКБИ аурушаңдық көрсеткішін анықтау мақсатында сипаттамалық ретроспективті зерттеу жүргізілді.

Қазақстан Республикасында (ҚР) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар (МКБИ) туындаған сырқаттанушылық динамикасы бойынша 2007-2008 жылдарға қарағанда соңғы жылдары тіркелу саны азайған, яғни 374-484 жағдай ресми тіркелді, ауруханаға түскен науқастардың қарқындылық көрсеткіші 0,14-0,18 құрап отыр. ҚР МКБИ 2017-2018 ж.ж. ең көп таралған Нұр-Сұлтан қаласында 73-143 жағдай, көрсеткіші 0,3-0,63 құрап отыр. ҚР МКБИ туындаған сырқаттанушылықтың көп жылдық көрсеткіші 2008 жылы 0,21 құраса, ал 2018 жылы 0,18 көрсетіп тұр. Ең төмен көрсеткіш 2016 жылы 0,09 құраған. Ақтөбе қаласы бойынша 2008 жылы МКБИ 0,08 құраса, 2017-2018 ж.ж. 0,3-0,4 құрап отыр, ал 2011 жылы мүлде тіркелмеген. МКБИ-ның патологиялық процестің оқшалануы бойынша ең жиі таралған іріңді-септикалық инфекция 77,70%- 90% құрап отыр, ал оның ішінде тыныс алу жолдарының ауруханаішілік жұқпалы ауруының үлесі 3-5%, несеп жолдарының ауруы 1-2% және басқа МКБИ үлесі 17% құрап отыр. МКБИ ішінен іріңді-септикалық инфекция ҚР бойынша босану бөлімшелерінде 50,30%-53% жиі кездеседі. 2018ж. ҚР бойынша босанушылар арасында асқынулардың пайда болу себебі көбіне 30% антисептикалық және асептикалық ережелерді сақтамағандығынан болатындығы анықталды, 15% қолды залалсыздандыру ережесін сақтамағандықтан, 10% дезинфекция және залалсыздандыру ережесін сақтамағандықтан, ал 45% басқа себептер үлесінде. Тұжырымдасақ Қазақстан Республикасында медициналық мекемелеріндегі ауруханаішілік жұқпалы аурулардың тіркелу жағдайының төмен деңгейінің анықталуы, медицина қызметкерлері мен науқастардың арасындағы МКБИ бойынша алдын алу шаралары мен таралу туралы білімнің жоқтығын, сонымен қатар көрсетілген мәселеге медициналық ұйымдасудың әкімшілік аппараттың назарының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Негізгі сөздер: Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар мен аурушаңдық, ауруханаішілік инфекция, эпидемиология, профилактика.

Кіріспе

Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар (МКБИ) бүкіл әлемдегі денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып

саналады. МКБИ – бұл науқасты госпитализациялау немесе емдеу мақсатында медициналық мекемеге келу нәтижесінде, сонымен қатар аурухана медициналық қызметкерлерінің жұмыс жасау барысында, бұл

адамдар ауруханада болған кезде осы аурудың белгілері пайда бола ма, жоқ па, оған тәуелсіз кез келген клиникалық түрде көрсетілген микробтық аурулар. Бұл анықтаманы 1979 жылы ДДҰ Еуропа бойынша аймақтық бюросы ұсынған [1]. Қабылдау кезінде осы инфекциялардың клиникалық көріністері болмаған кезде және инкубациялық кезеңнің ықтималдығы алынып тасталынған шартымен, инфекция ауруханада болғаннан кейін алғашқы 48 сағаттан кейін немесе одан көп уақыттан кейін пайда болса, МКБИ деп саналады [2,3].

Қазіргі уақытта медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар өте өткір (ауқымды) мәселе болып табылады. Халықаралық көп орталықтардың зерттеулеріне сәйкес, медициналық мекемелердегі ауруханаішілік инфекциялардың орташа жиілігі емдік профилактикалық мекемелерде 5-10% құрайды, ал реанимация бөлімшелерінде 25-49%. В.И. Покровскийдің айтуы мәліметі бойынша, орташа есеппен жазылған науқастардың ауруханадан шығарылуы 10 күнге кешіктіріледі, емдеу құны 3-4 есе, ал өлім қаупі 5-7 есе артады [4,5,6].

Әлемнің әрбір түпкірінде жүргізілген зерттеулер Солтүстік Америкада және Еуропада 5-10% барлығын ауруханаға жатқызу МКБИ пайда болуына әкеліп соқтырады, сол жылдары Латын Америкасында, Африка еліндегі Сахара мен Азия маңындағы кем дегенде ауруханаға түскендердің 40% -ы МКБИ инфекциялармен байланысты [7,8].

ECDC (Европейский центр профилактики и контроля заболеваний) мәліметі бойынша, жоғарғы деңгейдегі кірісі бар елдерде МКБИ таралуы төмендегіні құрады: Жаңа Зеландия – 12%, Канада – 11,6%, Финляндия – 9,1%, Великобритания – 9%, Швейцария – 8,8%, және Еуропада тіркелген 4 544 100 МКБИ жағдайынан жыл сайын шамамен 4 131 000 зардап шегеді [9,10].

Аурухана ішілік инфекцияны бақылау Халықаралық Консорциум (International Nosocomial Infection Control Consortium (INICC)) құрылғыға қатысты 43 елдің есебі бойынша МКБИ (health care-associated infection (HAI)) және хирургиялық инфекциялар табысы жоғары елдерге қарағанда ресурстары шектеулі елдерде 3-5 есе жоғары екендігі анықталды. Статистикалық көрсеткіштер бойынша қауіпті топтарына тек қана науқастар емес медициналық қызметкерлер де жатады [11].

Зерттеу мақсаты

Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың (МКБИ) аурушандығының динамикасын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ақтөбе облысы Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінен 2007-2018 аралығындағы статистикалық материалдар алынды. МКБИ аурушандық көрсеткішін анықтау мақсатында

сипаттамалық ретроспективті зерттеу жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талдауы

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау мекемелерінде, МКБИ бойынша аурушандылықтың көп жылдық динамикасын талдауда, жыл сайын медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялармен залалдану жағдайлары тіркеледі (1-кесте).

Әдебиеттердегі мәліметтерге сәйкес, МКБИ пайда болуы көптеген факторларға байланысты: халықтың жалпы иммунитетінің төмендеуі; аурухана ішінде шартты патогенді және вируленттілігі жоғары қоздырғыштардың тұрақтауы, антиботикке төзімділігі; анисептиктер мен дезинфекциялық препараттарды өзгертпей бірнеше жыл қолдану; ауруханаларда әртүрлі режимдердің сапасыз орындалуы нәтижесінде; медициналық құрылғыларды стерилиздеу және дезинфекциялау сапасының төмендігі және қазіргі клиникалық дәрігерлер тәжірибесіндегі антибиотиктік терапияға қарсы көрсетілімдер болмаған кезде кең спектрлі антибиотиктерді тағайындауы.

Қазақстан Республикасында МКБИ туындаған сырқаттанушылық динамикасы бойынша ауруханаға түскен науқастардың қарқындылық көрсеткіші 0,14-0,18 құрап отыр. Қазақстанда МКБИ соңғы 2017-2018 ж.ж. ең көп таралған Нұр-Сұлтан қаласында 73-143 жағдай, көрсеткіш 0,3-0,63 құрап отыр (1-кесте).

1-суретте көрсетілгендей, 2017 және 2018 ж.ж. ең көп жағдай саны Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында тіркелген. Бұл емдеу мекемелеріндегі МКБИ бұрқ етуімен байланысты. Мысалы, 2017 жылдың қыркүйек айында Ақтөбе қаласында перинаталды орталығында 6 жаңадан туылған нәрестелерге «Стафилококкты инфекция» диагнозы қойылды, ал сол жылдың наурыз-сәуір айларында Шымкент қаласында облыстық перинаталды орталығында босанушылар арасында ірінді-септикалық (ИСИ) бұрқ етулері анықталды, тіркелген саны – 11. Осы бұрқ етулер себебін анықтай келе, эпидемиологиялық тексеру қорытындысы бойынша, мынадай санитарлық талап бұзушылықтар анықталған: шығару желдету құрылғы жүйесінің жасамауы, босану залында және ота жасау бөлімшелерінде босанушыларды артығымен қабылдау, санитарлық-эпидемиологиялық және дезинфекциялық талаптардың сақталмауы.

Қазақстан Республикасындағы АИИ туындаған сырқаттанушылықтың көп жылдық көрсеткіші 2008 жылы 0,21 құраса, ал 2018 жылы 0,18 көрсетіп тұр. Ең төмен көрсеткіш 2016 жылы 0,09 құраған (2-сурет). Ақтөбе қаласы бойынша 2008 жылы 0,08 құраса, 2017-2018 ж.ж. 0,3-0,4 құрап отыр, ал 2011 жылы мүлде тіркелмеген (3-сурет).

Соңғы 2017-2018 ж.ж. МКБИ бойынша тіркелгендер 0,14%-0,18% , 80,30%-80,80% лабораториялық анықталғандар үлесінде, ал МКБИ-ның патологиялық процестің оқшалануы бойынша ең жиі таралған ірінді-септикалық инфекция 77,70%- 90% құрап отыр, ал оның ішінде тыныс алу жолдарының

Кесте 1. Қазақстан Республикасында МКБИ көпжылдық тіркелу динамикасы

	2008		2009		2010		2011		2012		2013	
	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс
Ақмола обл.	19	0,13	6	0,04	7	0,1	10	0,1	5	0	3	0,02
Ақтөбе обл	8	0,08	6	0,04	6	0,1	3	0	6	0,1	10	0,1
Алматы обл	37	0,2	43	0,2	24	0,1	24	0,1	30	0,1	30	0,13
Атырау обл	63	0,1	39	0,8	11	0,2	6	0,1	9	0,1	13	0,2
Шығыс Қазақстан обл	24	0,1	14	0,07	9	0,04	9	0	8	0	11	0,05
Жамбыл обл	22	0,1	21	0,1	18	0,1	11	0,1	13	0,1	11	0,08
Батыс Қазақстан обл	10	0,1	12	0,1	9	0,1	9	0,1	14	0,2	22	0,2
Қарағанда обл	23	0,11	22	0,1	26	0,13	20	0,1	24	0,1	20	0,1
Қостанай обл	16	0,11	15	0,11	16	0,12	13	0,1	16	0,1	24	0,21
Қызыорда обл	15	0,2	13	0,1	7	0,1	9	0,1	1	0	3	0,03
Маңғыстау обл	22	0,3	13	0,2	13	0,2	6	0,1	9	0,1	8	0,1
Павлодар	38	0,23	29	0,2	30	0,22	27	0,2	22	0,2	23	0,17
Солтүстік Қазақстан	42	0,2	34	0,2	31	0,3	26	0,2	27	0,3	28	0,2
Түркістан (ОҚО)	46	0,1	54	0,1	37	0,1	38	0,1	33	0,1	25	0,08
Нұр-Сұлтан қ.	80	0,7	79	0,6	79	0,6	74	0,4	63	0,4	76	0,4
Алматы қ.	51	0,2	53	0,2	38	0,14	30	0,1	18	0,1	18	0,02
Шымкент қ.											18	0,02
ҚР	516	0,21	453	0,18	361	0,15	315	0,13	298	0,12	325	0,11

Кесте 1 (жалғасы). Қазақстан Республикасында МКБИ көпжылдық тіркелу динамикасы


	2014		2015		2016		2017		2018	
	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс	Абс. с.	Көрс
Ақмола обл.	2	0	3	0,02	5	0,04	7	0,1	15	0,07
Ақтөбе обл	26	0,3	20	0,2	21	0,2	33	0,3	40	0,4
Алматы обл	37	0,2	20	0,1	35	0,14	37	0,2	37	0,15
Атырау обл	4	0,1	8	0,1	6	0,08	11	0,1	25	0,3
Шығыс Қазақстан обл	13	0,1	9	0,05	14	0,08	16	0,1	14	0,07
Жамбыл обл	13	0,1	8	0,06	18	0,09	16	0,1	13	0,09
Батыс Қазақстан обл	13	0,2	13	0,17	6	0,07	22	0,3	12	0,14
Қарағанда обл	21	0,1	20	0,11	18	0,1	24	0,1	29	0,18
Қостанай обл	15	0,2	21	0,2	26	0,23	15	0,1	14	0,13
Қызыорда обл	6	0,1	12	0,1	18	0,22	12	0,1	14	0,14
